



SEMEI tañy

№ 30 (19782) 17 сәуір, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ



АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



Астана қаласында «AMANAT» партиясының «Үздік партияға – үздік кадрлар» жобасы аясында кадрлық активтің функционалдық дағдыларын дамытуға арналған білім беру бағдарламасының ашылу рәсімі өтті.

«ҮЗДІК ПАРТИЯҒА – ҮЗДІК КАДРЛАР»

Облыс әкімі «AMANAT» партиясында баяндама жасады



Жиынға Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Парламент Мәжілісінің депутаттары қатысты. Іс-шараға облыс әкімі Берік Уәли арнайы шақырылып, жергілікті басқару сапасын арттыру тақырыбында баяндама жасады. Жиында сөз сөйлеген аймақ басшысы бұл бастама жай ғана оқыту емес, әкімдер мен депутаттардың жұмысын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қа-

дам екенін атап өтіп, жергілікті басқаруды жетілдіруге қатысты ұсыныстарын айтты. Бүгінде ауыл әкімдері халықтың тікелей сайлауымен келгенімен, олардың барлығында бірдей мемлекеттік басқару тәжірибесі жеткілікті емес. Сондықтан заңды дұрыс қолдану, халықпен тиімді жұмыс істеу, бюджетті сауатты жоспарлау сияқты мәселелерде білімін жетілдіру қажет.

Абай облысында 138 ауылдық округ, кент және аудандық маңызы бар 2 қала бар. Олардың бюджеттерінің жалпы көлемі шамамен 15,9 млрд теңгені құрайды, бұл ретте оның 69%-ға жуығы – жоғары тұрған бюджеттерден бөлінетін трансферттер. Ал талдау нәтижесінде 50-ге жуық ауылдық округ қана өз кірістері есебінен даму бағдарламаларын іске асыруға қауқарлы. Бұл – маңызды сигнал. Бұл бізде салық базасы, бюджеттік жоспарлау және инвестиция тарту мәселелерінде құзыреттілік тапшылығы бар екенін білдіреді. Сондықтан да бағдарламаның «Бюджеттік вертикаль: республикадан ауылға дейін» және «Даму үшін салықтар: түсімдер базасынан нәтижеге дейін» сияқты модульдері әрбір ауыл әкімінің үстел үстіндегі кітабына айналуы тиіс. Мұндай оқытуға тек ауыл әкімдерін ғана емес, аудан және қала әкімдерін де

белсенді түрде тарту қажет деп есептеймін. Сонымен қатар мұндай бағдарламалар облыстық басқару деңгейінде де пайдалы болатынына сенімдімін, – деді Берік Уәли.

Сондай-ақ облыс әкімі жергілікті мәслихат депутаттарының қызметіне, мемлекеттік жоспарлауға, өңірлік бағдарламаларға байланысты пікірін жеткізіп, жаңа оқыту бағдарламасы әкімдер мен депутаттардың кәсіби біліктілігін арттырып, халықпен тиімді байланыс орнатуға, нақты нәтижеге жұмыс істеуге мүмкіндік беретініне сенім білдірді. Жоба жергілікті жерлерде кәсіби әрі тиімді басқарушылардың қалыптастыруды көздейді. Партияның Саяси менеджмент академиясы жаңа форматта ауылдық округтердің сайланған әкімдерін, мәслихат депутаттарын және бастауыш партия ұйымдарының өкілдерін оқыту жұмысын бастады.

Жаңа бағдарлама басқарушылық құзыреттерді арттыруға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға, стратегиялық ойлауды жетілдіруге және мемлекеттік жобалық басқаруды меңгеруге бағытталған. Ерекше атап өтерлік, оқыту жұмысы Абай облысынан басталады.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЕМЕЙ ҮШІНШІ ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Бүгін «Самұрық-Қазына» басшысы Нұрлан Жақыпов жұмыс сапарымен Абай облысына келді. Сапар барысында ол облыс әкімі Берік Уәлимен бірге Семей қаласының сол жағалауындағы Степной кентінде орналасқан үшінші жылу электр орталығының (ЖЭО-3) құрылыс алаңын тексерді.



Жаңа ЖЭО құрылыс жобасы аясында 2025 жылы қазан айында ҚР Энергетика министрлігі мен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымы – «Семей Энерго» ЖШС арасында келісімшартқа қол қойылды. Қазіргі уақытта жобаның алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, биыл қаңтарда жобалық-сметалық құжаттама дайындалып және құрылыс жұмыстарын орындау бойынша ЕРС-келісімшарт жасалды.

Жобаға сәйкес ЖЭО-3-тің белгіленген электр қуаты 405 МВт, ал жылу қуаты – 1000 Гкал/сағ болады. Негізгі отын ретінде «Қаражыра» кен орнының көмірі пайдаланылмақ. Станция құрамына әрқайсысының өнімділігі сағатына 650 тонна болатын төрт бу қазандығы және қуаты 135 МВт болатын үш турбогенератор кіреді. Нысанның жалпы аумағы шамамен 190 гектарды құрайды.

«Бұл жобаның өңір үшін маңызы зор. Жаңа жылу электр орталығы Семейдегі энергия тапшылығын азайтып, тұрғындарды тұрақты жылумен және электр энергиясымен қамтамасыз етеді», – деді облыс әкімі.

Құрылыс жұмыстары биыл сәуірде басталды. Нысанды 2029 жылы желтоқсанда пайдалануға беру жоспарланған.

Жобамен танысқаннан кейін Нұрлан Жақыпов алаңда «Самұрық-Энерго», «Семей Энерго» ЖШС басшылығымен негізгі мердігерлермен кездесіп, нысанның стратегиялық маңызын атап өтті.

«Жаңа жылу электр орталығы өңірдегі экологиялық жағдайға оң әсер етеді. Жобада «таза көмір» технологиялары мен заманауи газ тазарту жүйелері қолданылмақ, бұл қаладағы көмірмен жұмыс істейтін энергия көздерімен салыстырғанда шығарындыларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Нысанды 2029 жылы іске қосу жоспарланған және ол белгіленген мерзімде жүзеге асырылуы тиіс. Жұмыстарды жеделдету үшін барлық қажетті шараларды қабылдау қажет», – деді «Самұрық-Қазына» басшысы.

Айта кетейік, қазіргі уақытта Семейдің сол жағалауында 2, ал оң жағалауында 18 жылыту нысаны жұмыс істейді.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

12 ЖОБА – 1584 ЖҰМЫС ОРНЫ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен инвестиция тарту жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tañy»

Жиын барысында өңір экономикасына серпін беретін бірқатар ірі инвестициялық жобалар таныстырылды. Атап айтқанда «MIRYILDIZ KZ Ltd.» компаниясы Абай ауданында алтын өндіру фабрикасын салуды жоспарласа, «Nurbay Operating» серіктестігі Аягөз ауданында мыс кенін өңдейтін байыту фабрикасын іске қосуды көздеп отыр. Ал «ГРЭС Курчатов» компаниясы Курчатов қаласы маңында электр станциясын салу жобасын таныстырды.

Инвестициялық жобалар қатарында сондай-ақ «Abai Poultry Agro» компаниясының құс фабрикасын салу, «ВІВІ Products» серіктестігінің қойма құрылысы, «TAB Development» компаниясының Семей қаласында қонақ үй



кешенін салу жобасы, «Global Construction» компаниясының қойма нысаны, жеке кәсіпкер Қымбат Зейнеғабиденованың мейрамханасы бар қонақ үй

кешенін салу жобасы, «Global Construction» компаниясының қойма нысаны, жеке кәсіпкер Қымбат Зейнеғабиденованың мейрамханасы бар қонақ үй



фрақұрылымын дамыту, «Альфа Медика Қазақстан» серіктестігі жеке медициналық клиника ашу жобалары бар.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, кеңес қорытындысы бойынша жалпы құны 12,28 млрд теңгені құрайтын 12 жоба мақұлданды. Аталған жобалар аясында 1584 тұрақты жұмыс орны ашылады.

Аймақ басшысы бұл жобалар өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, жаңа жұмыс орындарын құруға септігін тигізетінін атап өтті.

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы жедел медициналық жәрдем ауруханасының жұмысымен танысты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tañy»



арналған заманауи жабдықтарды, оның ішінде ламинарлы шафтың жұмысын көрді. Бұл құрылыс стерильді ортаны қамтамасыз етіп, зерттеу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Аймақ басшысына аурухана ғимараты шатырындағы күрделі жөндеу туралы



да баяндалды. Қазіргі уақытта жұмыстың 60 пайызы аяқталған. Облыс әкімі мердігерлерге жұмысты сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды. Көпбейінді стационар ретінде жұмыс істейтін аурухана 375 орынға арналған және тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Мұнда инсульт орталығы, кардиология, нейрохирургия, эндокринология, гематология және басқа да маңызды бөлімдер жұмыс істейді. Ауруханада 1024 адам еңбек етеді. Оның ішінде 149 дәрігер, 433 орта буын медицина қызметкері бар. Жыл сайын 39 мыңға жуық адам

қабылданып, 18 мыңға жуығы стационарлық ем алады. Мұнда 12 операциялық зал жұмыс істейді. Жылына 9 мыңға жуық күрделі ота жасалады.

Медициналық мекемені аралап, қызметімен танысқан аймақ басшысы өңірдің денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған жұмыстардың жалғасатынын атап өтті.

Жыл басында, қаңтар айының соңында, Семей қаласындағы облыстық жедел медициналық жәрдем стансасына 10 санитарлық автокөліктің кілтін салтанатты түрде табыстады. Былтыр «Абай облысы медициналық ұйымдары үшін санитарлық автокөлік сатып алу» жобасы шеңберінде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, облыстық бюджет қаражаты есебінен лиценздік қаржыландыру арқылы Hyundai, JAC және «Газель» маркалы 100 санитарлық автокөлік сатып алынды. Оның ішінде 67 автокөлік облыстық жедел медициналық жәрдем стансасына, 33 автокөлік аудандағы медициналық ұйымдарға берілді. Жаңа көліктерді биылғы қыркүйек айына дейін табыстайтын боламыз. Өңірдің денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жалпы, 2025 жылы облыстың денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға 6 жарым млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Биыл бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табады, – деді Берік Уәли.

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР ■ ПОДПИСКА НА ГАЗЕТЫ





ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы бірқатар өндірістік нысандарды аралап, жұмысымен танысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tahy»



Аймақ басшысы барған алғашқы нысан «KONDIZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болды. Кәсіпорын 2013 жылы іске қосылған. Қазіргі таңда мұнда 200-ден астам адам еңбек етеді. «KONDIZ» – еліміздегі ең жас және қарқынды дамып келе жатқан кондитерлік кәсіпорындардың бірі. Серіктестік кондитерлік және макарон өнімдерін шығарады. Жылдық өндіріс көлемі 22 мың тоннаға дейін жетеді. Бүгінгі таңда зауытта 100-ден астам түрлі печенье шығарылады. Өнімдер ішкі нарықпен қатар Қырғызстан, Ресей, Моңғолия, Грузия және Қытай елдеріне экспортталады.

Облыс әкімі кәсіпорынның жұмысын оң бағалап, жергілікті өкімдік тарапынан қажетті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Аймақ басшысы «Alina Group» ЖШС жұмысымен де танысты. Бұл – құрылыс индустриясындағы ірі отандық холдинг. Семейдегі филиалы өндіріс құрылыс қоспалар мен әрлеу материалдарымен қамтамасыз етіп келеді. Кәсіпорын 2004 жылдан бері жұмыс істейді. Мұнда 398 адам жұмыспен қамтылған. Ай сайын 24 мың тоннаға дейін өнім шығарылып, шамамен 10 мың тонна шикізат өңделеді.

Аймақ басшысы өндіріс орнын аралап көріп, нысанның өңір экономикасын дамытудағы маңызын атап өтті.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС ҮНДЕСТІГІ

Қай кезеңде де жоғары білім беру жүйесі – мемлекеттің стратегиялық бағыттарының бірі. Тарих беттеріне үңілсек, өркениетті елдердің барлығы да білім мен ғылымға арқа сүйеп, болашағын айқындаған. Қазіргі уақытта да жоғары білім беру саласы тек кадр даярлаумен шектелмей, ұлттық даму, экономикалық өсімің және интеллектуалдық әлеуеттің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Уақыт озған сайын адамзат өркениеті жаңа талаптар мен тың міндеттер жүктейді. Сондықтан да көптеген елдер жоғары білімге айрықша мән беріп, оны инвестицияның ең маңызды бағыты ретінде қарастырады. Себебі, білімге салынған инвестиция – елдің ертеніне басқан сенімді қадам.

Шәкәрім университеті де заман талабына сай жаңғырып, өзінің білім беру кеңістігін жаңа мазмұнмен байытып келеді. Университет Шәкәрім атында болғанымен, ол тек рухани-гуманитарлық саланы ғана емес, ғылым саласының сан түрлі бағыттарын қамтуға ден қойып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай цифрландыру және жасанды интеллект бағыты бойынша кең аяда кешенді жоспар құрып, оны жүзеге асыруға кірісіп кеткенін атап өткен жөн.

Соңғы жылдары Думан Рымғалиұлы Орынбековтің басшылығымен терең трансформациядан өткен Шәкәрім университеті бүгінде 5 жоғары мектеп пен 3 зерттеу мектебі аясында 72 бакалавриат, 60 магистратура және 10 PhD докторантура білім беру бағдарламаларын жүзеге асырып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Кез келген дамыған, яғни озық мемлекеттің қазығы – ғылым, ал қазынасы – ғалым» дегеніндей, бәсекеге қабілетті ел болу үшін ғылымды дамытып, жаңа технологияларды меңгеруіміз қажет. Шәкәрім университеті бұл стратегиялық міндетті терең сезіне отырып, сәуірдің 4-14-і аралығында дестүрлі «Ғылым онкүндігін» жаңа форматта, жаңа мазмұнда өткізді.

Он күнге созылған ғылыми марафон ішінде 20-ға жуық ауқымды іс-шара мен 3 ірі ғылыми конференция ұйымдастырылса, өңір экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар екі бірдей жаңа ғылыми-өндірістік нысан іске қосылды.

Инфрақұрылымдық серпіліс: зертханадан – нақты өндіріске

Мемлекетіміздің отандық ғылымның барлық саласын дамытуға баса назар аударып отырғаны белгілі. Осы орайда Шәкәрім университеті де тың бастамаларға жол ашып, зертханалар жұмысының жандануы бағытында бірқатар жобаларды жүзеге асыру үстінде. Университет ұжымының басты мақсаты – ғылыми өнертабыстарды середе қалдырмай, оларды коммерциаландыру. Осы бағыттағы нақты кадам ретінде «Ғылым онкүндігі» аясында тұсауы кесіліп, қолданысқа берілген қос орталықты атап өтуге болады.

Олардың бірі – Shakarim Lab базасында ашылған «Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу» инновациялық зертханасы. Индустриялық өңір үшін аса қажет жоба «Металлургиялық өндірістердің қалдықтары, мұнай өңдеу және мұнай өндірудің жанама өнімдері сияқты қайталама ресурстарды қайта өңдеудің инновациялық технологиясын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жүзеге асып отыр.

Бюджеті 269 миллион теңгені құрайтын бұл жобаның түсті металдар алу, экологиялық таза жол жабындарын әзірлеу жұмыстары жүзеге асырылады. Бұл ретте серіктес кәсіпорындармен тығыз жұмыс

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДОДАДА ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

«Абай қырандары» әскери-патриоттық клубының мүшелері сәуір айының 19-ы мен 25-і аралығында Өзбекстан Республикасының Шыршық қаласында өтетін «Vatanparvarlar» халықаралық әскери-спорттық жарысында ел намысын қорғайтын болады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.


Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tahy»

Сәрсенбі күні облыс әкімі Берік Уәли «Абай қырандары» клубының мүшелерімен кездесіп, жастарға жарыста сәттілік тіледі. - Бүгін біз өңіріміздің ғана емес, тұтас еліміздің намысын халықаралық деңгейде қорғауға аттанғалы жатқан айбынды жастарымыз – өздеріңізді шығарып салу үшін арнайы жиналып отырмыз. Бұл додада Қазақстанның намысын дәл біздің облыстың ұлдары қорғайтыны - біз үшін ерекше мақтанш. Елдің атынан халықаралық аренаға шығу – бұл тек спорттық бәсеке емес, бұл – үлкен жауапкершілік. Сіздерге қарап бүкіл елдің рухын, қазақ әскерінің болашақ айбынын таниды. Біз сіздердің дайындықтарыңызға, жігерлеріңізге, жеңіске жететіндеріңізге кәміл сенеміз! Бұл жарыс тек күш сынасу ғана емес, сонымен қатар көршілес, бауырлас Өзбекстан елімен арадағы достық көпірін нығайтудың маңызды қадамы. Жастар – халықтық дипломатияның елшілері. Осы сапарда өзге елдің құрбы-құрдас-тарымен достық қарым-қатынас орнатып, еліміздің қонақжайлылығы мен мәдениетін жоғары деңгейде көрсетеді деп сенемін. Жас ұлдар, сіздерге сәт сапар тілеймін! Жеңіспен, аман-есен оралыңыздар. Көк байрағымыз көкте желбіреп, Абай елінің абыройы асқақтай берсін, – деді Берік Уәли. Команда құрамында «Жас Ұлан» курсанттарымен бірге Семей қаласының мектептері мен колледждерінен, Жарма, Аягөз және Бородулиха аудандары-



нан іріктелген ең үздік 14 жас өрен бар. Айта кетерлігі, өткен жылы Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Айбын-2025» XI халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өткен болатын. Шараға Қазақстанмен қатар Өзбекбайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстаннан келген 800-ге жуық жас қатысып, 50-ден астам команда түрлі әскери, интеллектуалдық және шығармашылық сайыстарда бақ сынады. Осы жарыста Семей қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» мандандырылған мектеп-интернатының

«Абай қырандары» әскери-патриоттық клубы республикалық әскери мектептер арасында төртінші жыл қатарынан Гран-приді иеленіп, жалпыкомандалық есепте үздік атанды. Команда «Айбын дарыны», «Smart Sarbaz» және автоматты бөлшектеу сайыстарында бірінші орын алып, бір-қатар спорттық және шығармашылық бағыттарда жүлделі орындарға ие болды. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, жалпы, облыста «Қазақстан армиясының бір күні», «Айбын», «Алау», «Абай мергені» сайыстары, «Jas Sarbaz Chess Cup» шахмат турнирі, «Қалқан» қысқы спортқаиодасы, патриоттық өңдер фестивалі сияқты патриоттық шаралар дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.



Абай облысының әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомстваралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Жиында жергілікті атқарушы органдардың қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың орындалу барысы және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ішкі саясат басқармасының басшысы Жарқын Жұмаділов пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Қайрат Сапарғалиев баяндама жасады. Отырыста облыс әкімі бюджет қаражатын тиімді игеру мен жұмыстардың сапалы орындалу мәселелеріне назар аударып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу үшін заң бұзушылықтарға жол бермеуді және түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді тапсырды.

«СТ» - ақпарат



атқарылып жатыр.

Екіншісі – «Қой шаруашылығының селекциялық орталығы». Бұл – Қазақстанның шығыс өңірінде мал шаруашылығын дамытуға бағытталған маңызды ғылыми бастамалардың бірі.

Аталған орталық Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу мен ресурс үнемділігі технологияларды енгізу негізінде өнімділігі жоғары қой популяцияларын құру» мақсатты бағдарлы ғылыми жобасының аясында ашылды. Шәкәрім университетінің жанындағы Агротехнопарк ғылыми орталығында орналасқан зертхана заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

Жаңа орталықтың негізгі қызмет бағыттары – қой шаруашылығында селекциялық әдістерді жетілдіру, генетикалық зерттеулер жүргізу, жоғары өнімді тұқымдарды іріктеу, өндірістік сынақтар ұйымдастыру және жас ғалымдардың ғылыми ізденістеріне қолдау көрсету. Бұл бастама ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, өңірдегі шаруашылықтардың тиімділігін арттыруға жол ашады.

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулер Абай, Ақмола Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы 10 тәжірибелік шаруашылықта жүргізіліп жатыр. Жобаға 50-ге жуық ғалым, докторанттар мен магистранттар, сондай-ақ, еліміздің жетекші ғылыми-зерттеу институттары мен серіктес университеттері тартылған. Жоба аясында қазірдің өзінде 4 патент алынып, халықаралық Scopus және Web of Science базаларында ғылыми мақалалар жарияланды. Сонымен қатар, шаруашылықтарға арналған нақты тәжірибелік ұсынымдар әзірленді.

Орталықтың басты мақсаты – өңірдегі қой шаруашылығының генетикалық әлеуетін арттыру, өнім сапасын жақсарту. Бұл бағытта жергілікті және шетелдік асыл тұқымдарды тиімді пайдалану көзделуде.

Ғылыми әлеует және қаржылық тұрақтылық. Соңғы жылдары оқу ордасы ғылымды басқару менеджментінде елеулі табыстарға қол жеткізіп келеді. Қазіргі уақытта университетте құны 5 миллиард теңгеге жуықтайтын 54 гранттық және бағдарламалық-нысаналы жоба жүзеге асуда. Ең қуантарлығы, олардың 70 пайызы нақты қолданбалы сипатқа ие. Ғылымды қаржыландыру көлемі бытырғымен салыстырғанда 1,4 есеге өсіп, 2,3 миллиард теңгеге жетті. Зерттеулерге 500-ден астам адам жұмылдырылса, оның 51 пайызы – жас ғалымдар.

Сонымен қатар, материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға биыл шамамен 500 миллион теңге бөлінді. Бұл қаражатқа өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу, жылыту-салқындату және құс шаруашылығы зертханалары заманауи құралдармен жабдықталып жатыр.

Жаһандық ғылым кеңістігіне қадам. Шәкәрім университеті АҚШ, Германия, Нидерланды, Ұлыбритания, Жапония, Түркия, Польша және басқа да әлемнің 37 елінің 60-тан астам университетімен тығыз ырыптестік орнатқан. Халықаралық ғылыми конференциялар мен академиялық ұтырлық бағдарламалары университеттің жаһандық білім кеңістігіне кіргізуіне мүмкіндік беріп отыр.

Іә, бүгінгі жаһандану дәуірінде оқшауланп

қалу мүмкін емес. Таяуда ғана ректоры Думан Орынбеков университеттің Қытайдағы стратегиялық серіктесі Сиань Цзяотун университетінің 130 жылдық мерейтойына орайластырылған халықаралық форумға қатысып, оқу орнының әлеуетін таныстырды. Осы ретте оқу орны тарихындағы айтулы жаңалық – Шәкәрім университетінің Қытай және Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШҰҰ) жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық орталығына ресми түрде мүше болғанын айтқанымыз орынды.

Сондай-ақ, Халықаралық ғылыми-техникалық орталық бағдарламасы аясында Жапония және Армения ғалымдарымен бірлесіп отырып, қалдықтардан сутегі өндіру бойынша жаңа экожүйелік жоба (Жапония тарапының 250 мың долларлық қаржыландырумен) қолға алынды.

Аталған бастамалар оқу орнының жаһандық білім кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп қана қоймай, қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға, сондай-ақ өңірлік және ұлттық дамуға қомақты үлес қосып отырғанын нақты аңғартады.

Ғылымның рухани өлшемі және мемлекеттік қолдау

Әдетте, ғылымды тек жаңа технологиялармен, материалдық жетістіктермен байланыстырамыз. Алайда, ғылымның маңыздылығы тек техникалық прогреспен ғана шектелмейді, ол рухани құндылықтарды дамытуға да айтарлықтай рөл атқарады.

Он күндік аясында абайтану ғылымының негізін қалаушы Қайым Мұхамедханұлының 110 жылдығына арналған конференция мен «Ұлтқа қызмет еткен ұлы тұлға» көрмесі, «Абай облысының тарихи топик-мені» кітабының тұсаукесері мен деректі фильм көрсетілімі, сонымен қатар, жасанды интеллект дәуірінде математика пенің меңгерту мәселелерін көтерген халықаралық ғылыми-практикалық форум мен мектеп оқушыларына арналған «Шәкәрім оқулары» байқауы сынды көптеген іс-шаралар өткізілді.

Ғылым қызметкерлері күніне орай Ақордада өткен басқосуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жас ғалымдарды қолдау мәселесіне ерекше тоқталғанды. Президенттің «Ғылымды қолдау, ғалымдарға ел болып құрмет көрсету, бұл – ең алдымен қоғамда еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық құндылықтарын орнықтыру деген сөз. Халқымыздың ойы озық болса, ескелен ұрпақтың да ғылым-білімге деген ықыласы айрықша болары анық. Зерделі әрі зияткер ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ парыз» дегеніндей, елімізде бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып та жатыр. Соңғы жылдары жүздеген жас зерттеушіге баспана беріліп, арнайы гранттар бөлінді. Бұл – ғылыммен айналысатын жастардың санын арттырып қана қоймай, олардың алаңсыз еңбек етуіне мүмкіндік берді.

Ел Президентімен болған келелі жиында жас ғалым, Шәкәрім университетінің стратегия және әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Асқар Қасымов та қатысып, Мемлекет басшысының қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алды. Бұл бүкіл ұжымның бірлескен жұмысының нәтижесі екені анық.

Түйін. Ғылым «Ғылым онкүндігі» Шәкәрім университетінің тек білім ордасы ғана емес, өңірлік экономиканың қозғаушы күші екенін тағы да дәлелдеді. Алдағы стратегиялық міндет айқын. Олар: ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру, халықаралық стандарттарды енгізу және оларды нақты өндіріспен B2B форматында байланыстыру. Өңіріміздегі іргелі оқу ордасы – Шәкәрім университетінің зияткерлік әлеуеті бұл міндеттерді орындауға толықтай мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Қулия МАҚАНҚЫЗЫ,
Семей қаласы



Осы тұрғыдан алғанда, Абай облысы соңғы жылдары экономикалық трансформация кезеңіне аяқ басқан өңірлердің бірі ретінде назар аудартады. Бұрын өндірістік әлеуеті әлсіреп, экономикалық белсенділігі төмендеп кеткен аймақ ретінде сипатталған өңір бүгінде жаңа жобалар арқылы қайта жанданып келе жатқанды есер қалдырады. Алайда бұл өзгерістерді үсірт бағалау жеткіліксіз. Нақты нәтижеге қол жеткізілді ме, әлде бұл тек уақытша белсенділік пе?

Соңғы жылдары облыста шағын және орта бизнес қарқынды дамып келеді. Ресми деректерге сүйенсек, өңірде ондаған мың кәсіпкер тіркеліп, жүз мыңдаған адам осы салада еңбек етуде. Бұл, бір жағынан, халықтың кәсіпкерлікке бет бұрғанын көрсетсе, екінші жағынан, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістердің белгісі болып табылады. Яғни адамдар дәстүрлі жұмыспен қамтылудан тері, өз ісін ашуға, табысын өз бетінше табуға ұмтылып отыр.

Дегенмен, шағын және орта бизнестің белсенділігі қаншалықты жоғары болғанымен, ол ірі өндірісті алмастыра алмайды. Бұл – экономиканың негізгі заңдылығы. Шағын бизнес икемді, жылдам, бірақ оның ауқымы шектеулі. Ал ірі өндіріс – тұрақтылықтың, жүйеліліктің және ұзақ мерзімді дамудың кепілі. Осыны ескерсек, Абай облысының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – өндірістік әлеуетті қалпына келтіру және жаңа индустриалық жобаларды іске қосу.

Бұл бағытта алғашқы нақты қадамдар жасалып жатыр. Әсіресе Семей қаласының рөлі айрықша. Тарихи тұрғыдан өндірістік орталық болған бұл қала бүгінде инвестиция тарту алаңына айналып келеді. Соның айқын дәлелі – «Туған жерге туынды тік» инвестициялық форумы. Бұл шара формалды кездесулердің бірі емес, нақты экономикалық байланыстар орнатуға бағытталған іскерлік алаң болды.

Форумға жүздеген кәсіпкер мен инвестор қатысып, ондаған меморандумдарға қол қойылды. Мұндай келісімдердің барлығы бірден нәтиже береді деу қиын болар. Бірақ олардың әрқайсысы – болашақ жобалардың негізі. Инвестиция бір күнде келмейді. Ол сенім, тұрақтылық және нақты ұсыныстар арқылы қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, форум өңірдің инвестициялық имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды деуге болады.

Облыс әкімі Берік Уәли атап өткендей, мұндай бастамалар тек декларация деңгейінде қалмауы тиіс. Шын мәнінде, өңірде инвестор тарту үшін тек шақыру жеткіліксіз. Инвестор, ең алдымен, тұрақтылықты, түсінікті ережелерді, инфрақұрылымды және нарыққа шығу мүмкіндігін іздейді. Егер осы факторлар қамтамасыз етілсе, онда инвестиция өзінен келеді.

Соңғы уақытта өңірде бірқатар өндірістік жобалардың іске қосылуы – осы бағыттағы нақты нәтижелердің бірі. Мәселен, құрылыс материалдары, қаптама өндірісі сынды өңдеу саласындағы жобалар өңір экономикасының құрылымын біртіндеп өзгертіп келеді. «Казполиграф» базасында іске қосылған жаңа өндірістік желі – соның айқын мысалы. Бұл жоба тек ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, өнімнің бір бөлігін экспортқа шығаруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл – сапалық деңгейдегі өзгеріс.

Өңір үшін маңызды жобалардың бірі – құрылыс материалдарын өндіру. Бородулиха ауданында іске қосылған кірпіш зауыты жылына миллиондаған дана өнім шығарады. Мұндай кәсіпорындар бір қарағанда аса ірі емес сияқты көрінуі мүмкін. Алайда олар өңір экономикасының негізін құрайды. Себебі құрылыс – кез келген дамудың индикаторы. Құрылыс бар жерде инфрақұрылым бар, ал инфрақұрылым бар жерге инвестиция келеді.

Сонымен қатар өңірде ірі инвестициялық жобалар да қолға алынуда. Сауда - ойын-сауық орталықтары, қонақ үй кешендері, жаңа тұрғын аудандар – бұлардың барлығы қаланың сыртқы келбетін өзгертіп жатыр. Бірақ мәселе тек сыртқы келбетте емес. Негізгі сурақ – бұл жобалардың экономикалық тиімділігі қандай?

Егер жаңа нысандар жергілікті кәсіпкерлерге мүмкіндік беріп, жұмыс орындарын ашып, салық түсімдерін арттырса – онда бұл нақты нәтиже. Ал егер олар тек имидждік жобалар ретінде қалып қойса, онда олардың есепі шектеулі болады. Сондықтан есеп келген инвестициялық жобаны бағалауда оның ұзақ мерзімді экономикалық әсеріне назар аудару қажет.

Абай облысының экономикасында агроөнеркәсіптік сектор ерекше орын алады. Бұл – өңірдің дәстүрлі саласы. Мал шаруашылығы жақсы дамығанымен, өнімді өткізу мәселесі ұзақ уақыт бойы шешімін таппай келді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін Семей қаласында жаңа ет комбинаты салу жоспарланып отыр. «Eurasia Agro Semei» жобасы іске асқан жағдайда, өңірде жүздеген жаңа жұмыс орны ашылып, фермерлер үшін тұрақты өткізу нарығы қалыптасады. Бұл – ауыл шаруашылығы үшін аса маңызды қадам. Себебі тек қана өнімді өндіру жеткіліксіз, оны тиімді өткізу де қажет. Ал өңдеу өнеркәсібі осы мәселені шешудің негізгі құралы болып табылады. Жалпы алғанда, агроөнеркәсіптік кешенде қосымша құн қалыптастыру мәселесі өте маңызды. Егер шикізат күйінде сатылатын өнімдер өңделіп, дайын өнімге айналса, онда табыс бірнеше есе артады. Бұл тек кәсіпкерлер үшін емес, бүкіл өңір экономикасы үшін тиімді.

Абай облысының аграрлық әлеуеті жоғары болғанымен, мал шаруа-

шылығы өнімдерін толыққанды тиімді пайдалану мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Соның айқын мысалы – тері мен жүн өңдеу саласының жағдайы. Бүгінде елімізде өндірілген миллиондаған мал терісінің басым бөлігі өңделмей, кәдеге жарамай отыр. Ресми деректерге сәйкес, өткен жылы өндірілген 9 миллионнан астам терінің небәрі 6 пайызы ғана өңделген. Қалғаны не арзан бағамен сыртқа шығарылған, не мүлдем жойылған.

Бұл жағдай ауылдағы шаруалар үшін нақты экономикалық шығынға айналып отыр. Себебі малдың еті ғана емес, терісі мен жүні де табыс көзі болуы тиіс. Алайда қазіргі жағдайда бұл қосымша ресурс тиімді пайдаланылмай келеді. Бұған дейін теріні экспорттауға салынатын кедендік баж салығы да шаруалардың мүмкіндігін шектеген факторлардың бірі болды. Соңғы уа-

налымға түседі. Фермерлер үшін қосымша табыс көзіне айналса, өңір экономикасы үшін жаңа өндірістік бағыт қалыптасады.

Жалпы алғанда, тері мен жүн өңдеу саласын дамыту – тек бір сектордың мәселесі емес. Бұл ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және кәсіпкерлік салаларының тоғысындағы көшенді бағыт. Егер осы жүйе толық қалыптасса, онда өңірде қосымша құн тізбегі пайда болып, шикізаттан дайын өнімге дейінгі толық цикл іске асады.

Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға, экспорттық әлеуетті арттыруға және ең бастысы – ауыл тұрғындарының табысын көбейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағыттағы бастамалар тек қосымша жоба емес, өңір экономикасының маңызды даму нүктелерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

майын өндіретін «Qazaq Astyq Group» ЖШС. Осы кәсіпорынды кеңейту ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға бағытталған және өңір экономикасы үшін стратегиялық маңызға ие. Қазіргі таңда кәсіпорын өндіріс көлемін ұлғайту үшін қосымша цехтар ашуды жоспарлап отыр. Жоба іске асқан жағдайда құнбағыс тұқымын өңдеу көлемі артып, дайын өнім шығару көрсеткіші еселеп ұлғаяды. Бұл өз кезегінде шикізатты сыртқа шығармай, өңір ішінде толық циклді өндіріс қалыптастыруға мүмкіндік береді. Құнбағыс майы өндірісі – қосымша құн тізбегін құратын маңызды сала. Себебі шикізатты өңдеу арқылы ғана табысты бірнеше есе арттыруға болады. Сонымен қатар бұл жоба жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы байланысты

Өнімдер күнделікті тұтынуға арналған және табиғилығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар қалада «Айша» атауымен жұмыс істейтін арнайы дүкендер де бар.

Осылайша, Семей қаласының өнеркәсіптік әлеуеті мен жергілікті брендтердің дамуы өңір экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға өз үлесін қосып келеді.

Семей өңірінде ұлттық тағамдарды заманауи талаппен ұштастырып, табиғи өнім ұсынатын брендтердің бірі – «Адал ас». Бұл кәсіпорын дәстүрлі рецептураны сақтай отырып, сапалы әрі денсаулыққа пайдалы тағамдар өндірумен ерекшеленеді. «Адал ас» өнімдері күнделікті тұтынуға да лайық. Бренд ұлттық дәмді сақтай отырып, оны қазіргі заманға бейімдеп, халыққа қолжетімді етуді мақсат тұтады. Өнім түрлері де сан алуан. Атап айтқанда, дәстүрлі тәсілмен дайындалған жент пен талқан қоректілігімен бағаланады. Мамықтай жұмсақ, жаңа піскен бауырсақ – дастарқанның сәні. Табиғи сүттен жасалған құрт балалар мен ересектерге бірдей пайдалы. Ал нан өнімдері үйдің дәмін еске түсіріп, ұлттық ас мәдениетін жаңғырта түседі.

Бүгінде «Адал ас» өнімдері тек Абай өңірінде ғана емес, Қазақстанның түкпір-түкпіріне танылып, ұлттық тағамның сапалы үлгісі ретінде кеңінен сұранысқа ие болып отыр. «Адал Ас» – әр үйде! ұранымен танымал бұл бренд тұтынушылар сеніміне ие болып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде маңызды рөл атқарып келеді.

Соңғы жылдары ауылдық жерлерде шағын өндірістердің пайда болуы осы үрдістің басталғанын көрсетеді. Ауыл кәсіпкерлері сүт, ет, нан өнімдерін өңдеп, жергілікті нарыққа ұсынып отыр. Бұл ауыл экономикасының жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын білдіреді.

Шағын және орта бизнес бұл процесте шешуші рөл атқарады. Бүгінде өңірдегі келпеген кәсіпкерлер өз ісін дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашуда. Бұл – әлеуметтік тұрақтылықтың негізі. Себебі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі халықтың әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Алайда, тағы да қайталап айту керек: шағын бизнес қаншалықты маңызды болғанымен, ірі өндіріссіз толыққанды экономикалық даму мүмкін емес. Бұл – Абай облысы үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Бір кездері Семей қаласы жеңіл өнеркәсіптің ірі орталықтарының бірі болған. Мұнда мыңдаған адам жұмыс істеп, өнімдер шет елдерге экспортталған. Бірақ нарықтық экономикаға көшу кезеңінде бұл жүйе күйреді. Бүгінде сол өндірістік әлеует толық қалпына келтірілген жоқ.

Сондықтан қазіргі кезеңде жаңа индустриалық саясат қажет. Бұл тек жаңа зауыттар салу емес, бұл – технология енгізу, кадр даярлау, логистика мен инфрақұрылымды дамыту. Егер осы бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілсе, онда өңірдің өндірістік әлеуеті қайта жанданады.

Сонымен қатар өңірдің дамуына туризм саласы да ықпал ете алады. Семей қаласының тарихи мұрасы, мәдени құндылықтары бұл бағытта үлкен мүмкіндік береді. Соңғы жылдары тарихи ғимараттарды жаңғырту арқылы туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар іске асырылып жатыр. Бұл – экономиканы ертарлапандырудың тағы бір жолы.

Жалпы алғанда, Абай облысында инвестиция тарту мен кәсіпкерлікті дамыту бағытында оң динамика бар. Жаңа жобалар іске асырылып, жұмыс орындары ашылып, халықтың табыс табу мүмкіндігі артып келеді.

Облыста өткен жылы іске асырылған жобалар саны 29-дан 97-ге дейін артты, тартылған инвестициялар көлемі 2,2 трлн теңгеден 3,5 трлн теңгеге дейін өсті. Олардың ішінде 50 жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген.

Бірақ басты мәселе – осы өсімнің тұрақтылығы. Экономикалық даму бір реттік акция емес. Бұл – жүйелі, ұзақ мерзімді процесс. Егер бүгін басталған жобалар ертең де жалғасын тапса, онда бұл шынайы серпін болады. Ал егер олар тек уақытша белсенділік ретінде қалса, онда нәтиже де уақытша болады. Сондықтан бүгінгі күннің басты талабы – жүйелілік. Инвестиция тарту, кәсіпкерлікті қолдау, өндірісті дамыту – бұл бағыттардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты болуы тиіс. Тек осындай кешенді көзқарас арқылы ғана тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізуге болады.

Абай облысы осы жолда алғашқы қадамдарын жасап үлгерді. Ендігі міндет – сол қадамдарды нақты нәтижеге айналдыру. Себебі экономикалық даму – бұл тек жоспарлар мен көрсеткіштер емес. Бұл – адамдардың өмір сапасы, олардың табысы, болашаққа деген сенімі. Егер өңірде жаңа жұмыс орындары ашылып, кәсіпкерлік дамып, өндіріс жанданса – онда бұл халықтың әл-ауқатының артағанын білдіреді. Ал бұл – кез келген экономикалық саясаттың басты мақсаты. Сондықтан Абай облысында жүзеге асырылып жатқан жобалар тек экономикалық көрсеткіштер ретінде ғана емес, әлеуметтік маңызы бар бастамалар ретінде қарастырылуы тиіс. Өйткені әрбір жаңа кәсіпорын – бұл жаңа мүмкіндік. Өрбір инвестиция – бұл жаңа даму нүктесі.

Қорытындылай келе өңірде оң өзгерістер бар екенін айтуға болады. Бірақ бұл өзгерістердің нақты нәтижеге айналуы алдағы жылдардың еншісінде. Бастысы, бағыт дұрыс. Ал сол бағыттан таймай, жүйелі жұмыс жүргізу – бүгінгі күннің басты міндеті.

АБАЙ ӨҢІРІ - КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Қазіргі кезеңде ел экономикасының даму қарқыны тек макроэкономикалық көрсеткіштермен емес, өңірлердегі нақты өзгерістермен өлшенеді. Мемлекет басшысы инвестиция тарту, өндірісті дамыту және отандық кәсіпкерлікті қолдау мәселесін стратегиялық басымдық ретінде бекер белгілеп отырған жоқ. Себебі ел экономикасының шынайы тірегі – аймақтар. Ал сол аймақтардың даму деңгейі – жалпы ұлттық экономиканың айнасы.

ЖУРНАЛИСТІК САРАПТАМА

**Руза АСАҢҚЫЗЫ,
«Semei tany»**

қытта бұл кедергі алынып тасталып, жағдай біршама жеңілдеді.

Мәселен, Ақсуат ауданының Көкжыра ауылында тұратын Нұрлан Марқабаетовтың қожалығы – өңірдегі ірі шаруашылықтардың бірі. Оның иелігінде 20 мың қой, 700 жылқы және 500 сиыр бар. Жыл сайын мыңдаған мал сойылады. Бірақ, соған қарамастан, тері кәдеге жарамай, көбіне қояққа кетіп жатыр. Шаруаның айтуынша, егер тері мен жүн тұрақты түрде қабылданып, өткізілсе, бұл ауыл экономикасына елеулі қолдау болар еді.

Шын мәнінде, қарапайым есептің өзі бұл саланың әлеуетін көрсетеді. Бір ғана ауылда он мыңға жуық тері жиналуы мүмкін. Егер әр теріге тіпті символикалық баға берілсе де, бұл халық үшін қосымша табыс көзіне айналады. Ал өңір көлемінде қарастырсақ, оның экономикалық әсері әлдеқайда ауқымды болары анық. Бүгінде Абай облысы аумағында 6 мыңнан астам шарауа қожалығы жұмыс істейді. Онда 800 мыңнан астам ірі қара және 1 миллионнан астам ұсақ мал тіркелген. Жыл сайын ондаған мың мал сойылады. Демек, өңделмей жатқан шикізат көлемі де аз емес. Бұл – дайын тұрған ресурс, бірақ дұрыс жүйе болмағандықтан, толық пайдаланылмай отыр.

Қазіргі таңда өңірде небәрі бірнеше тері қабылдау пункті мен жүн жинау алаңдары ғана жұмыс істейді. Бұл қолда бар шикізатты толық қамтуға жеткіліксіз. Ауылдық жерлерден өнімді жинау, оны өңдеу орындарына жеткізу, сақтау және сұрыптау жүйесі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Соның салдарынан тері мен жүннің сапасы төмендеп, кейін оны өңдеу қиынға соғады. Тағы бір маңызды мәселе – шикізат сапасы. Мал сою кезінде технологиялық талаптардың сақталмауы, терінің дұрыс алынбауы немесе сақтау шарттарының бұзылуы оның сапасын төмендетеді. Нәтижесінде ол өңдеуге жарамсыз болып қалады. Бұл өз кезегінде бүкіл саланың тиімділігін төмендетеді.

Сонымен қатар елімізде тері мен жүнді терең өңдейтін кәсіпорындардың аздығы да басты кедергілердің бірі. Бар зауыттардың бірқатары ескірген технологиямен жұмыс істейді, ал кейбірі мүлде тоқтап қалған. Соның салдарынан шикізат көбіне бастапқы өңдеуден кейін-ақ экспортқа жіберіледі немесе ішкі нарыққа сұраныс таппайды. Логистика мәселесі де өзекті. Ауылдық жерлерден шикізатты жинап, оны тиімді түрде өңдеу орындарына жеткізу жүйесі толық жолға қойылмаған. Бұл әсіресе шалғай ауылдар үшін үлкен қиындық туғызады. Соның салдарынан көптеген шаруалар теріні өткізбей, жоюға мәжбүр.

Ал дайын өнім тұрғысынан қарасақ, ішкі нарыққа бәсекелестік те оңай емес. Шет елден келетін былғары және жүн өнімдері сапасы мен бағасы жағынан басым түсіп жатады. Бұл – отандық өндірістің дамуын тежейтін факторлардың бірі.

Дегенмен бұл салада оң өзгерістер де жоқ емес. Мемлекет тарапынан тері мен жүнді қайта өңдеу бағытындағы жобаларды қолдау шаралары қарастырылып отыр. Атап айтқанда, өңдеу кәсіпорындарын жаңғырту және жаңаларын ашу үшін инвестициялық салымдардың белгілі бір бөлігі субсидияланады. Бұл инвесторлар үшін қосымша ынталандыру бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда, Семей қаласының маңында салынып жатқан жаңа ет комбинаты ерекше маңызға ие. Бұл кәсіпорын тек ет өңдеумен ғана шектелмей, мал терісін де қабылдауды жоспарлап отыр. Жоба толық іске қосылған жағдайда, жылына ондаған мың ірі қара мен жүз мыңнан астам ұсақ малдың терісі өңдеуге бағытталады. Бұл – сала үшін үлкен серпін. Себебі бұрын кәдеге жарамай жатқан шикізат енді экономикалық ай-



Семей қаласында жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалардың бірі - Semei Mall сауда - ойын-сауық орталығы. Бұл нысан өңір экономикасы үшін тек коммерциялық жоба ғана емес, ол жаңа жұмыс орындарын қалыптастыратын маңызды алаң ретінде қарастырылады. Құны 26 млрд теңгені құрайтын орталық іске қосылғаннан кейін ондаған, тіпті жүздеген адам тұрақты жұмыспен қамтылып, шағын және орта бизнес субъектілері үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады. Мұндай сауда және қызмет көрсету нысандары өңірдің тұтынушылық нарығын кеңейтіп қана қоймай, кәсіпкерлерге өз өнімдерін өткізуге, жаңа форматтағы қызмет түрлерін дамытуға жол ашады. Сонымен қатар Semei Mall сияқты кешендер қаланың инфрақұрылымдық және әлеуметтік тартымдылығын арттырып, инвестициялық ахуалға оң әсер етеді. Алайда мұндай жобалардың тиімділігі олардың нақты экономикалық қайтарымымен өлшенуі тиіс. Егер орталық жергілікті бизнеске серпін беріп, жұмыс орындарын көбейтіп, бюджетке түсетін түсімді арттырса, онда бұл жоба өңір дамуының нақты драйверіне айналады.

Өңірдегі агроөнеркәсіптік бағыттағы ірі кәсіпорындардың бірі – өсімдік

нығайтады. Өнімнің бір бөлігін экспортқа шығару мүмкіндігі де өңірдің сыртқы нарыққағы әлеуетін арттырады. Сондықтан бұл бастама тек бір кәсіпорынның кеңеюі емес, тұтас агроөнеркәсіптік сектордың дамуына серпін беретін маңызды қадам ретінде бағаланады.

Қаланың өнеркәсіп саласы бірнеше бағыт бойынша дамып келеді. Машина жасау және металл өңдеу саласында «СемАЗ» ЖШС мен Семей машина жасау зауыты жұмыс істейді. Жеңіл өнеркәсіпте «Семспецнаб» ЖШС, тамақ өнеркәсібінде «KONDIZ» ЖШС кондитерлік өнімдерімен танымал. Құрылыс материалдары өндірісінде Семей силикат кірпіш зауыты және кірпіш, бетон шығаратын кәсіпорындар жетекші орын алады. Бұл кәсіпорындар өңір экономикасының негізін құрап, халықты тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Семей қаласында жергілікті өнімдер де кеңінен сұранысқа ие. Солардың бірі - «Айша» бренді. Бұл - «Қалиханұлы» шаруа қожалығына тиесілі танымал сүт өнімдері желісі. Бренд табиғи әрі сапалы өнімдерімен тұтынушылардың сеніміне ие болып отыр. «Айша» өнімдерінің қатарында сүт, айран, қаймақ, йогурт, сары май, сүзбе және ірімшік түрлері бар.



АБАЙ

**БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ
БЕРЕРІ МОЛ**

Абай ауданының Архат және Қасқабулақ ауылдарында тұрғындар мен шаруа қожалықтарының жетекшілерімен кездесу өтті. Жиында «Игілік», «Береке», «Жайлау» бағдарламалары, лизингке техника алу, малдарды бірдейлендіру және мал ұрлығының алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Аудан әкімінің орынбасары Д.Амангелдин мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат берсе, полиция бөлімінің бастығы Е.Қаратаев малды бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті. 2026 жылдан бастап қараусыз жүрген малдарға айыппұл салынатыны ескертілді.

Сондай-ақ, ветеринариялық жұмыстарды тиімді жүргізу үшін тұрғындарға малдарын белгіленген уақытта жинау ұсынылды. Кездесу соңында тұрғындар өз сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

**ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛДІ**

Абай аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері тұрмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар атқаруда. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы, полиция лейтенанты М. Арынғазина мен Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Айнур Бакирова бірлесіп, профилактикалық іс-шаралар өткізуде.

Іс-шара барысында қорғау нұсқамасы шығарылған азаматтар мен аз қамтылған отбасылардың тұрғылықты мекенжайлары бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді. Тұрғындарға заң талаптарын сақтау, тұрмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу және жауапкершілік мәселелері түсіндірілді.

АҚСУАТ

САЯБАҚТАҒЫ СЕНБІЛІК

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Көкжыра мәдениет үйінің ұжымы игі бастаманы қолдап, қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жұмыстарға белсене атсалысты.

Аталған шара аясында ұжым мүшелері С. Жансақов атындағы орталық саябақта сенбілік ұйымдастырып, аумақты тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстан тазарту жұмыстарын жүргізді. Сенбілік барысында саябақ іші ретке келтіріліп, келушілер үшін таза әрі жайлы орта қалыптастыруға мән берілді. Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстары да назардан тыс қалмай, саябақтағы талдардың түбі өктеліп, олардың күтімі жақсартылды. Бұл жұмыстар ағаштардың өсіп-өнуіне оң әсерін тигізіп, саябақтың көркін аша түсті.

Осындай игі шаралар қоршаған ортаны таза ұстауға деген жауапкершілікті арттырып қана қоймай, қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ықпал етеді.

**КӨШЕГЕ ЖАРЫҚ
ТАРТЫЛУДА**

Аудан орталығы – Ақсуат ауылында инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Соның бір айқын көрінісі ретінде ауылдың орталық көшелерінің бірі – Қабанбай Батыр көшесінің бойына жаңа жарық бағандарын орнату жұмыстары басталды. Аталған жоба тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасауға, әсіресе кешкі уақыттағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа жарық шамдар көшеңіз көркін арттырып қана қоймай, жаяу жүргіншілер мен көлік қозғалысына да оң әсерін тигізеді.

Жарықтандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, заманауи талаптарға сай жүзеге асырылуда. Бұл ауылдың келбетін жақсартуға, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған игі істердің бірі болып табылады.

БОРОДУЛИХА

**6 ТОННА ҚОҚЫС
ШЫҒАРЫЛДЫ**

Бородулиха ауданында апта сайын өткізілетін сенбілік жұмыстары аудан тұрғындарының белсенді қатысуымен жалғасып келеді. Жалпыұлттық «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған «Таза қала» экологиялық акциясы ауданның көркеюі мен тазалығын қамтамасыз ету мақсатында өткізілді.

Сенбілікке аудан тұрғындары, жергілікті ұйымдар мен мемлекеттік мекеме өкілдері белсене қатысып, өз аумақтарындағы қоқыстарды жинау және тазалау жұмыстарын жүргізді. Сенбілік барысында 287 адам мен 6 техника бірлігі қатысып, нәтижесінде 6 тонна қоқыс шығарылды.

**ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕ
ИЕ БОЛДЫ**

Самбо күресінен әлем және Азия чемпионы, Қазақстан чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы, халықаралық спорт шебері Қайрат Кунсафинді еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық дзюдо турнирінде Бородулиха ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі Арнұр Құмаров қола жүлде иеленді.

Турнирге еліміздің әр аймағынан - Алматы, Өскемен, Ақтау, Қарағанды, Павлодар, Астана, Теміртау, Ерейментау қалаларынан, Маңғыстау облысынан, Абай облысының Ақсуат, Жарма, Бородулиха аудандарының жас дзюдошылары және көршілес Қырғызстан Республикасынан командалар қатысты.

ЖАРМА

«БІР ЖҮРЕК - БІР ҮМІТ»

Аудандық Мәдениет сарайында «Бір жүрек - Бір үміт» атты қайырымдылық концерті ұйымдастырылды.

Жарма ауданы әкімдігінің «Аумақтық әлеуметтік қызмет алу орталығы» мемлекеттік мекемесінің мамандары және әлеуметтік қызмет алушылардың қатысуымен өткен концертті өңір тұрғындары тамашалады. Қайырымдылық шарасына келген аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев өзінің игі тілегін білдіріп, қолдауын көрсетті.

Ұйымдастырушылар бұл қайырымдылық концертті аудан тұрғындарына ұсына отырып, шарадан түскен қаржының Шар қаласының тұрғыны, бүлдіршін Серік Адина Әділетқызының еміне жұмсалатынын жеткізді.

Жұырда Түркия еліне емделуге баратын Адинаның анасы шара соңында концертке келген көпшілікке және жомарттық танытып, қайырымдылық жасап жатқан жандарға алығысын айтты.

АҚСУАТ

**ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ
ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ**

Аудан әкімі Еркін Ескендіровтің тұрғындармен кездесуі Ақсуат ауылында қорытындыланды. Жиында аудан басшысы ағымдағы жылы атқарылған жұмыстар туралы баяндап, алда тұрған міндеттерді атап өтті.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tau»

Кездесуде алдымен Ақсуат ауылдық округінің әкімі Т.Рахымжанов аудан орталығында атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, жетістіктер мен жүзеге асқан жобаларға тоқталды.

Округ әкімінің баяндамасынан соң аудан басшысы биылғы жылы Ақсуат ауылында қолға алынатын жобалармен таныстырды. Аудан орталығында биыл да ауқымды жұмыстар атқарылады.

Еркін Кәдірбекұлы елді мекендерді дамыту, абаттандыру мен көркейту тек атқарушы биліктің ғана емес, барша тұрғындардың ортақ ісі екенін атап өтті. Әсіресе ауылдарды абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына жекеменшік сектордың да белсенді атсалысуы қажеттігін айтты. Бұл ретте тұрғындардың жауапкершілігін арттыру да маңызды.

Жиында ауыл тұрғындары өздерін толғандырған мәселелерді ортаға салды. Аудан әкімі ауыл тұрғындары тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Аудан басшысы айтылған ұсыныс-пікірлердің барлығы хаттамаға енгізіліп, заң аясында тиісті жұмыстар атқарылатынын айтып өтті. Әрбір көтерілген мәселе назардан тыс қалмайтынын атап өтіп, тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.


Кездесуден соң аудан басшысы қабылдау өткізіп, тұрғындардың жеке мәселелерін тыңдады.

Мұндай кездесулер билік пен халық арасындағы байланысты нығайтып, өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ақсуат ауылындағы бұл есепті жиын да өз нәтижесін беріп, алдағы жұмыстарға тың серпін бермек.

АЯГӨЗ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Ауылдық елді мекендердегі жол сапасын жақсарту тұрғындардың өмір сүру деңгейіне, көлік қатынасын жеңілдетуге ықпал етеді. Осы бағытта Аягөз ауданында соңғы жылдары бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылып, жол жөндеу және жаңғырту жұмыстары қарқын алып келеді.

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tau»

Мемлекеттік «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 2025 жылы ауданға 774 958,4 мың теңге көлемінде қаржы бөлініп, ауылшілік жолдар орташа жөндеуден өткізілді. Атап айтқанда,



КӨКПЕКТІ

Көкпекті ауданының әкімі Нұрбек Қошқарбаев Теректі және Шұғылбай ауылдарының тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында әкім ауданның өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларымен таныстырып, алдағы жоспарлар мен жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tau»

Алғашқы кездесу Теректі ауылдық округінің тұрғындарымен өтті. Кездесу барысында Теректі ауылдық округінің әкімі Талғат Латфулұлы 2025 жылы атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасап, биылғы жылға арналған жоспарлармен таныстырды.

Осыдан соң аудан басшысы ауданның 2025 жылғы әлеуметтік-э-

кономикалық даму қорытындылары және 2026 жылға арналған негізгі міндеттер туралы ақпарат беріп, тұрғындардың өтініш-тілектері мен ұсы-

ныстарын тыңдады. Теректі ауылында өткен жиында тұрғындар тарапынан елді мекенде жаңа тұрғын үйлер салу, ауылдық ок-

ругінің кіріс көздерін ұлғайту арқылы жаңа жобаларды іске асыруға қолдау көрсету сынды мәселелерді көтерді.

Ал Шұғылбай ауылының тұрғындары таза ауыз су, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану және ауылдағы эпизоотиялық ахуал төңірегіндегі мәселелерді қозғады. Көтерілген сауалдарға жауап берген аудан басшысы Шұғылбай ауылында 2023 жылы басталып, аяқталмай тұрған су құбыры желілерінің құрылысы быыл қайта жандандырылып, құрылысты қайта іске қосу үшін облыс әкімінің қолдауымен облыстық бюджеттен қажетті қаражат бөлінгенін жеткізді.

Аудан әкімі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, эпизоотиялық ахуалға қатысты мәселелер бойынша тиісті сала басшыларының тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар кездесуде көтерілген мәселелер бақылауға алынып, шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірі – дамыған инфрақұрылым. Аягөз ауданында жүзеге асырылып жатқан жол жөндеу және инфрақұрылымдық жобалар – өңірдің дамуына серпін береді. Жол сапасының жақсаруы тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттырып қана қоймай, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және туризм салаларының дамуына да оң әсер етеді.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

экономикалық даму қорытындылары және 2026 жылға арналған негізгі міндеттер туралы ақпарат беріп, тұрғындардың өтініш-тілектері мен ұсы-

ныстарын тыңдады. Теректі ауылында өткен жиында тұрғындар тарапынан елді мекенде жаңа тұрғын үйлер салу, ауылдық ок-

ҮРЖАР

«ХАЛЫҚ ӨНЕРІ — РУХАНИ БАЙЛЫҚ КӨЗІ»

Үржар аудандық мәдениет үйінде ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Халық өнері – рухани байлық көзі» тақырыбында дәріс өтті. Қоғамдық келісім орталығы – облыстық Достық үйі ұжымы ұйытқы болған іс-шара өнер мен руханият ұлықталған мазмұнды кездесуге ұласты.

Дәріске облыстық Қоғамдық келісім орталығының өкілдері, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің мүшелері, этномедиаторлар, шығармашылық ұжымдар мен қолөнер шеберлері, жастар және түрлі сала мамандары қатысты. Түрлі сала өкілдерін бір арнаға тоғыстырған бұл кездесу бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған маңызды алаң болды.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шараның ашылуында облыстық Қоғамдық келісім орталығының директоры - Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Надежда Шарова сөз сөйлеп, халық өнерінің ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра екенін, қазақтың әні мен күйі, қолөнері мен салт-дәстүрі ұлттық болмыстың алтын діңгегі екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұндай шаралардың басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен рухани құндылықтарды сіңіру.

Сондай-ақ қолөнер шебері Алтай Сәрсенов сөз алып, ұлттық қолөнердің маңызы мен оның бүгінгі даму бағыттары туралы ой бөлісті.

Шараның мәдени бөлімі де ерекше әсерлі өтті. Көрермендерге аудан өнерпаздары мен шығармашылық ұжымдарының концерттік бағдарламасы ұсынылды. «Дариға-дәурен» ардагерлер ансамблі, «Арда» тобы, «Қаракөз» қыздар вокалдық ансамблі өз өнерлерін паш етті. Сонымен қатар өңшілер Болат Қайырбеков, Өліби Қаниев, Бауыржан Саңхайбай және «Тарғытай» тобы халық өнері мен заманауи туындыларды орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе көп жылдан бері өнер сахнасында жүрген «Дариға – дәурен» ансамблінің және биыл 20 жылдық мерейтойын атап өткен «Қаракөз» ансамблінің өнері көпшілік көңілінен шықты. Жас мамандардан құралған «Арда» тобы мен дәстүрлі әнді насихаттап жүрген «Тарғытай» тобы да ұлттық өнердің сабақтастығын айқын көрсетті.

Іс-шара соңында ұлттық мәдениетті дамытуға, халық өнерін насихаттауға үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар - қолөнер шеберлері мен өнер ұжымдары, сондай-ақ жеке орындаушылар алғыс хаттармен марапатталды.

Үштөбе ауылдық клубында жастардың шығармашылығы мен тапқырлығын шыңдауға бағытталған «Жайдарман» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Танымдық әрі көңілді форматта ұйымдастырылған шараға ауыл жастары белсене қатысып, өзара пікір алмасуға мүмкіндік алды.

МАЗМҰНДЫ БАСҚОСУГүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tau»

Аталған шараның басты мақсаты жастар арасында әзіл-қалжың мәдениетін қалыптастыру, олардың тапқырлығы пен шапшаң ойлау қабілеттерін арттыру болды.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар «Жайдарман» ойынының тарихы мен оның ерекшеліктері жайында ой бөлісіп, бұл ойынның жастар тәрбиесіндегі маңызына тоқталды. Сонымен қатар сахна мәдениеті мен әзіл айту шеберлігі төңірегінде ой ербітіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Жасөспірімдер түрлі қызықты сұрақтарға жауап беріп, логикалық тапсырмаларды орындау арқылы өздерінің ой ұшқырлығын көрсетті. Әзіл-қалжыңға толы шағын көріністер мен тапқыр жауаптар шараның көрігіні қыздыра түсті. Қатысушылардың белсенділігі мен көтеріңкі көңіл-күйі жынның жоғары деңгейде өткенін аңғартты.

Осындай мазмұнды шаралар жастардың шығармашылық әлеуетін дамытып қана қоймай, олардың өз ойын еркін жеткізуге дағдылануға, сахнада өзін сенімді ұстауына ықпал етеді. Ал бұл дағдылар олардың адамдармен қарым-қатынасына, қоғамдық ортада өзін ұстауына оң әсерін тигізеді.

Ауыл клубында өткен бұл кездесу жастардың шығармашылығына серпін беріп, олардың «Жайдарман» ойынына деген қызығушылығын арттыра түсті.



Д.СҮЛЕЙМЕН



БЕСҚАРАҒАЙ 7 МЫҢ ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛАДЫ

Аудан әкімі Ділдар Қалиқанұлының төрағалығымен кеңейтілген әкімдік отырысы өтті. Отырыста «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының аудан аумағында жүзеге асырылу барысы талқыланды. Жиынға бөлім және мекеме басшылары, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысты.



Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауданның сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Берік Наурызбаев баяндама жасап, бағдарламаның орындалу барысы туралы мәлімет берді.

Бөлім басшысының айтуынша, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында биылғы жылдың сәуір айынан қараша айына дейін аудан аумағындағы елді мекендерде санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес, барлық елді мекендерде, кәсіпкерлік нысандарында және туристік орындарда сенбіліктер ұйымдастырылады. Биыл ауданда 7 мың түп көшет отырғызу көзделіп отыр. Ал Бесқарағай ауылында 10 мыңға жуық гүл көшеттерін отырғызу жоспарланған.

Ауданның тазалығына биыл да ерекше көңіл бөлінеді. Экологиялық тұрғыдан таза орта – халықтың денсаулығы мен әл-ауқаты үшін маңызды факторлардың бірі, – деді бөлім басшысы.

Аудан басшысы Ділдар Қалиқанұлы «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстардың оң нәтиже беріп жатқанын атап өтіп, экологиялық тазалық мәселесінің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырды.

Аудан әкімі «Таза Қазақстан» бағдарламасының нәтижесі әрбір тұрғынның белсенді қатысуына байланысты екенін атап өтіп,

барша аудан халқын сенбіліктерге белсенді қатысуға, өз ауыл-аймақтарының тазалығын сақтауға шақырып, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын да жүргізу қажеттігін айтты.

– Абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына тек мемлекеттік органдар ғана емес, әрбір тұрғын атсалысуы тиіс, – деді Ділдар Қалиқанұлы.

Биыл Бесқарағай ауылында жаяу жүргіншілер жолдарын салу, ғимараттардың қасбеттерін жаңарту, сәулеттік келбетін жақсарту жұмыстары қолға алынбақ.

Жиын соңында аудан әкімінің орынбасары Әр ауыл мен елді мекенде «Таза Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында жоспарланған іс-шаралардың – абаттандыру, көгалдандыру, тазалық жұмыстарының уақтылы орындалуын қамтамасыз ету, тұрғындарды экологиялық ақпараттарға тарту бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

Айта кетейік, аудан әкімі Ділдар Қалиқанұлы Бесқарағай ауылындағы бірқатар нысандарды аралап, санитарлық тазалық пен абаттандыру жұмыстарының барысымен өз көзімен көрген болатын. Ауылды аралау барысында аудан басшысы кейбір ғимараттардың сыртқы келбеті мен жай-күйінің талапқа сай емес екенін, орталық көшелерде сәулеттік бірізділіктің жоқтығын сынға алды. Осыған байланысты елді мекенді заман талабына сай көркейтуді және абаттандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Ерболат РАХМЕТУЛИН

Бородулиха ауданындағы Төлеубай Аманов атындағы орта мектепте «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбы ашылды.

ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Сыныптың ашылу салтанатына мектеп ұжымы мен оқушылар және ата-аналар қатысты. Ашылу рәсімінде сондай-ақ «Семей» шекара басқармасының бастығы полковник Елдос Бақтыбаев, «Семей» шекара басқармасының тәрбие, идеологиялық және кадрлық бөлімі бастығының орынбасары подполковник Алмас Далабаев, Абай облысы Бородулиха ауданы қорғаныс істері бөлімінің бастығы, полковник Галмат Даминов, Абай облысы Бородулиха ауданы қорғаныс бөлімі басшысының орынбасары майор Данияр Дүйсенов, Бородулиха аудандық мәслихатының төрайымы Сәуле Урашева, Абай облысы білім басқармасының «Дарын» орталығының әскери патриоттық бағытты дамыту бөлімінің басшысы Болат Құрманов, мектеп директоры Әсел Рескенова да болды.

Шара барысында «Жас шекарашы» сыныбының жетекшісі Куаныш Байболов алғаш рет марапатталды. «Семей» шекара басқармасының бастығы полковник Елдос Болатұлы мен Бородулиха аудандық мәслихатының төрайымы Сәуле Тұрсынқызы әскери-патриоттық тәрбиеге баса мән беріп отырған мектеп ұжымына алғысын білдірді.

Шара барысында әскери сыныпқа қабылданған оқушылар ұстаздар мен оқушылар алдында ант қабылдады.

Мектеп басшысы өскелең ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелейтін «Жас шекарашы» сыныбының ашылуымен ата-аналарды және сыныпқа қабылданған оқушыларды құттықтап, жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты қалыптастырудың маңызын атап өтті. Сыныпқа қабылданған оқушыларға әскери киім-кешек пен құрал-жабдықтар демеушілер тарапынан берілгенін атап өтіп, Петропавловка ауылының азаматтарына, «Юпитер» кәсіпорнының директоры Виктор Рейзвич пен «Василек» кәсіпорнының басшысы Евгений Жбратовқа алғысын жеткізді.



Ш. ДОСКЕЕВА

БОРОДУЛИХА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Бородулиха аудандық мәслихатының кезекті, қырық жетінші сессиясы өтті. Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері және өзге де шақырылған тұлғалар қатысты. Отырыс онлайн форматта өтіп, аудан тұрғындары сессия жұмысын бақылауға мүмкіндік алды.



Сессия барысында аудан бюджетінің орындалуы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол инфрақұрылымы, төтенше жағдайлардың алдын алу, су тасқынының алдын алу бағытында атқарылып жатқан шаралар және басқа да мәселелер қаралып, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе – 2025 жылға арналған аудандық бюджеттің орындалуы жөнінде аудан әкімінің орынбасары Қайрат Сапаров баяндама жасап, негізгі көрсеткіштер мен қол жеткізілген нәтижелерге тоқталды.

Бородулиха ауданының 2025 жылға арналған жергілікті бюджетінің атқарылуы туралы облыстық ревизиялық комиссияның мүшесі Әсел Арыңғазина есеп берді.

Жиында депутаттар ауылдық және кенттік округтердің 2025 жылға арналған бюджеттерін орындалуы туралы есептерді бекітті. Аталған есептер бұған дейін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында қаралып, депутаттар тарапынан ұсыныстар енгізілген. Ұсыныстар бірауыздан қолдау тауып, тиісті шешімдер қабылданды.

ЖАРМА

Жарма ауданында көп балалы аналарды марапаттауға арналған жиын өтті. Іс-шарада аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» марапаттары табыс етілді.

КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Кездесу барысында аудан басшысы қоғамның демографиялық дамуына үлес қосып жүрген аналарға құрмет көрсетті. Ел демографиясына, ұлт болашағына үлес қосып жүрген аналардың еңбегін бағалау мақсатында ұйымдастырылған игі шарада аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев аналарды құттықтап, олардың еліміздің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесін атап өтті. Әкім аналардың бала тәрбиесіндегі қажырлы еңбегіне ризашылығын білдіріп, олардың қоғамдағы орны ерекше екенін айтты.

– Жыл сайын көп балалы аналар мен балаларды қолдау мақсатында мемлекет тарапынан жан-жақты қамқорлық көрсетіліп келеді. «Отан отбасынан басталады» деген халқымыздың нақыл сөзі бар. Сіздер дүниеге ұрпақ әкеліп, саналы азамат етіп тәрбиелеп отырсыздар. Ұрпақ тәрбиесінде ананың рөлі қашанда ерекше. Өздеріңізге шынайы алғысымызды білдіре отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға баянда бақыт, таусылмас қуаныш пен жақсылық тілеймін. Мемлекеттік наградаларыңыз құтты болсын! – деді аудан әкімі.

Алтын алқа және «Күміс алқа» марапаттарына ие болған аналар да өз кезегінде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық пен құрметке ризашылықтарын жеткізіп, аналарға жасалып жатқан әлеуметтік қолдаулар үшін алғыстарын айтты.

Ізгі дәстүрге айналған бұл марапаттау рәсімі қоғамдағы аналардың рөлін арттырып қана қоймай, өскелең ұрпаққа отбасы мен ананың қадірін ұғындыруға бағытталған.

ТАБИҒИ СУ КӨЗДЕРІН САҚТАУ КЕРЕК

Абай облысы әкімінің орынбасары Думан Оспанов, Ертіс бассейндік инспекциясының басшысы Медет Жәдігерұлы, «Қазсушар» РМК Абай облыстық филиалының басшысы Жарқынбек Байсабыров Жарма ауданына жұмыс сапарымен барды.

Еркежан ҚАЙСА,
«Semei tanu»

Жұмыс сапары аясында делегация Ортабұлақ ауылындағы Әулие бұлақтың қазіргі жағдайымен танысып, табиғи су көзін сақтау, оны қалпына келтіру және қорғау бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Мамандар бұлақ суының сапасы мен айналасындағы экологиялық ахуалына назар аударып, алдағы уақытта атқарылатын іс-шараларды талқылады.

Сапар барысында сонымен қатар Шар су қоймасының жай-күйі де тексерілді. Жұмыс тобы аудан басшысы Нұрлан Борсықбаев және Қазсушар РМК Абай облыстық филиалының Жарма өндірістік учаскесінің басшысы Ш. М. Елчибаевпен бірге су қоймасының техникалық жағдайын, су деңгейі және оны тиімді пайдалану мәселелерін талқылап, жауапты мамандарға бірқатар тапсырмалар берді.

Іссапар барысында делегация өкілдері аудандағы су ресурстарын тиімді басқару, табиғи нысандарды қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқанына көз жеткізді.

Айта кетсек, ел көлемінде өтіп жатқан «Мөлдір бұлақ» акциясы аясында Жарма ауданында да бұлақтардың көзін ашу және абаттандыру, табиғи су көздерінің маңайын тұрмыстық қалдықтардан тазарту шаралары ұйымдастырылуда.



БЕСҚАРАҒАЙ

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЫМ

Бесқарағай ауданының Құрметті азаматы, меценат Балтабек Нұрғалиұлы туған жеріне арнайы келді. Кәсіп иесі ғана емес, ұлт руханияты мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып жүрген тұлға өз сапарын ақын Нұрлыбек Баймұратұлының ескерткішіне тағазым етуден бастады. Бұл ескерткіш 2022 жылы дәл осы Балтабек Нұрғалиұлының тікелей мұрындық болуымен және игі бастамасымен бой көтерген болатын.

Сапар барысында меценат аудан басшылығымен кездесті. Кездесу барысында өңірдің даму барысы, жаңа жобалар мен әлеуметтік мәселелер талқыланды. Меценат туған ауылды қолдау мен жастар тәрбиесіне қатысты ойларымен бөлісті.

3 МЫҢ АҒАШ ӘКТЕЛДІ

Бесқарағай ауданында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында ауқымды тазалық акциясы өтті. Оған 1000-ға жуық тұрғын, еріктілер мен мекеме қызметкерлері қатысып, елді мекендер, саябақтар, кәсіпкерлік нысандар мен қоғамдық орындар қоқыстан тазартылды.

Нәтижесінде 500 тоннаға жуық тұрмыстық қалдық шығарылып, 3000-ға жуық ағаш әктеліп, ретке келтірілді. Бұл шара аудандық экологиялық жағдайын жақсартып қана қоймай, тұрғындардың, әсіресе жастардың тазалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті.

ЖАҢАСЕМЕЙ

«ЖАС ДАРЫН»

БАЙҚАУЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Шүлбі кентінің жас өнерпаздары тағы бір жарқын жетістікке қол жеткізді. Алматы қаласында өткен «Жас дарын» республикалық ХХ мерейтойлық өнер байқауында Жаңасемей ауданының намысын қорғаған талантты бишілер топ жарып, жүлделі орындарды иеленді.

Аталған байқауда Шүлбі кенті клубының «Миласия» би тобы «Мама» биімен бас жүлдені жеңіп алса, «Журавли» биімен I орынға ие болды. Сонымен қатар, «Star kids» би тобы «Гүлдер» биімен бас жүлдені қанжығаларына байлап, көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАНДЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ

Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен қыздар мен әйелдер арасында волейболдан аудандық жарыс өтті.

Аталған спорттық доғара ауданның әр ауылдық округтерінен және білім беру ұйымдарынан құралған 12 команда қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыс барысында қатысушылар тартысты ойын көрсетіп, жоғары дайындықтарын, командалық ауызбіршіліктерін және спортқа деген ерекше қызығушылықтарын айқындап байқатты. Әр ойын жанкүйерлерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, шынайы спорттық бәсекеге толы болды. Жарыс қорытындысы бойынша Шақаман мектеп командасы I орынды иеленіп, жеңімпаз командаға ауыспалы кубок табысталды. Ал, Түркібө мектеп командасына II орын буйырды. III орында Шақаман командасы өз қанжығаларына байлады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

КӨКПЕКТИ

ЖИ – МҰҒАЛІМНІҢ КӨМЕКШІСІ...

Шәріптоғай негізгі мектебінің базасында «ЖИ – мұғалімнің көмекшісі, ұлттық құндылықтар – оқушының азығы» атты аудандық семинар өтті.

Семинардың мақсаты білім беру үдерісінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, педагог мәртебесі мен жұмыс сапасын арттыру және оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру еді.

Аудандық семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толықтай жетті деп айтуға болады. Педагогтер үшін тәжірибе алмасудың тиімді алаңы болған іс-шара барысында педагогтер жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісінде тиімді кіріктіру жолдарын тәжірибе жүзінде көріп, өзара сөйсіп пікір алмасты. Алдағы уақытта да осындай мазмұнды іс-шаралар жалғасын тауып, білім беру сапасын арттыруға оң ықпал етеді деген сенім мол.

«ЕРКІН ТЫНЫС АЛ!»

Көкпекті ауданында туберкулездің алдын алу айлығына орай дөңгелек үстел өтті. Іс-шара салауатты өмір салтын насихаттау аясында аудандық кітапханада ұйымдастырылды. Кездесу барысында мамандар аудандағы эпидемиологиялық жағдайды талқылап, алдын алу шаралары мен бірлескен жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Өткен жылы 6 жағдай тіркелсе, биыл 1 жағдай анықталған.

Сырттанушылық көрсеткішінің төмендеуі, туберкулезден қайтыс болу жағдайларының тіркелмеуі, емдеуді үзген науқастардың болмауы, балалар мен жасөспірімдер арасында аурудың анықталмауы бұл бағытта оң динамика қалыптасқандығын айқындайды.

ҰРЖАР

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ

Ұржа аудандық мәслихатының кезекті 34-сессиясы өтті. Сессияда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселелер қаралып, жауапты бөлім басшыларының есептері тыңдалды.

Отырыста 2025–2027 жылдарға арналған аудандық және ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы мен оның орындалуына жүргізілген бақылау нәтижелері, даму бағдарламаларының іске асу барысы талқыланды. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс тұрақтылығын қамтамасыз ету, өнім көлемін арттыру шаралары және Ұржа аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің атқарған жұмыстары қаралды.

МЕКТЕПТЕГІ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ

«Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Науалы орта мектебінде көктемгі абаттандыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Іс-шараға мектептің ұстаздары мен оқушылары белсене қатысты. Олар мектеп ауласын тазалап, қоқыстарды жинап, ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар гүлзарлар ретке келтіріліп, аула көркейтілді.

Мұндай жұмыстар оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Әр оқушы өз мектебінің көркеюіне үлес қосып, жауапкершілік пен еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастырады.



МЕРЕЙТОЙ

Әр адамның өмірінде өшпестей із қалдыратын тәлімгері, ұстазы болады. Ұстаз ұғымы әсіресе біздің халық үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. Жақсы жанды жолықтырғанда «ұстаздың алдын көрген», «ұстазың кім?» деп жатады. Өйткені ұстаз білім ғана бермейді, ол адамның жан дүниесін терең түсініп, өмірдің қыр-сырын тануға әсер етеді.



ЖАҚСЫ АДАМ

Кез келген оқытушы ұстаз бола алмайды. Бойына тектілік дарыған ізгілік пен еңбекті ұштастырған адам ғана нағыз тәлімгер, шын ұстаз атанады. Мамандығына адал ұстаз шәкірттің бойына біліммен қатар өнерді, әдеп пен мәдениетті сіңіріп, жақсы әдетке баулиды. Осындай ұстаздардың бірі – Сәрсекеева Рымгүл Сапақызы. Сапа отағасы мен Ырысжан ананың өнегелі өмірі ауылдастардың бірнеше буынына үлгі-өнеге болған. 50-жылдардың ортасында мектепті алтын медальмен тамамдаған Медеу Сәрсекеев елге танымал жазушы атанды. «Алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғысы да солай бұрылады» демекші, Рымгүл Сапақызы ардақты ағасының тәрбиесі мен тәлімін алды.



Бүгінде 80-нің сеніріне шыққан Рымгүл Сапақызы жарты ғасырға жуық ғұмырын еліміздің білім саласына арнады. Оқитудың барлық сатыларынан өткен тәжірибелі мұғалім, әдіскер басшылық қызметтерді абыроймен атқарып, шәкірттерінің, әріптестерінің құрметіне бөленді. Еңбек жолын Абыралы ауылындағы мектепте мұғалім болып бастап, кейін Семей қаласындағы №17 мектеп-интернат және №16 орта мектепте оқу ісіннің меңгерушісі, Павлодар облыстық білім басқармасында нұсқаушы қызметтерін атқарды.

«Нормативті қазақ тілі» (2011 жыл), тағы басқа оқу-әдістемелік құралдары жарық көрді. Университет доценті академиялық атағын алды. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалін иеленді. Марапаттары – өз алдына бір төбе. Дегенмен шәкірттің риясыз көңілінен шыққан ризашылық сезімі кез келген марапаттан биік.

Кәсіби біліктілігімен қатар, көркем мінезімен, сымбатты болмысымен қандай ортада болмасын ерекше әсер қалдыратын апаймыздың әлі де сыны көтпеген, әлі де тік қалпында. Бұл енді табиғи жаратылысы. Қазіргі таңда Рымгүл Сапақызы Алматы қаласында, балалары мен немере-шөберелерінің ортасында. 80-нің сеніріне шыққан аяулы апаймызға мерекенің ұзағынан болсын, әр таңыңыз арайлап атып, әр күнініз шаттыққа толы болсын дейміз. Тамырын тереңге жайған мәуелі бейтеректей айналаңызға жылылық таратып, марқайып жүре беріңіз!

Бірге өткізген жылдарды ердайым құрметпен еске аламыз, ұмытпаймыз!

Алма МҰҚАЙҚЫЗЫ

ЖАҢА ТУЫНДЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ



Семей қаласындағы Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханада танымал ғалым, ветеринария ғылымдарының докторы, Семей қаласының Құрметті азаматы Зейнолла Тоқаевтың «Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағындағы сайлау: Жеті жарғыдан бүгінгі күнге дейін» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semel tañu»

Тұсаукесер рәсіміне зиялы қауым өкілдері, жоғары оқу орындарының басшылары мен оқытушылары, студенттер мен мәдениет саласы қызметкерлері қатысты.

Жаңа кітапқа қазақ қоғамындағы саяси жүйенің қалыптасу жолдары жан-жақты сараланған құнды зерттеу еңбектері өнген. Автор сонымен қатар бұл кітабында дәстүрлі құқықтық жүйеден бастап бүгінгі заманауи сайлау үдерістеріне дейінгі тарихи сабақтастықты ғылыми тұрғыда зерделеген.

Кітап таныстырылымы барысында сөз алған Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омархан облыс әкімі Берік Уәлидің құттықтауын жеткізді. Басқарма басшысы құттықтау сөзінде жаңа туындының ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де маңызы зор екенін атап өтті.

Іс-шараға арнайы келген ғалымның әріптестері мен шәкірттері де көш ісіне жылы лебіздерін жеткізді. Зиялы қауым өкілдері Зейнолла Тоқаевтың ғылымның дамуына қосқан үлесіне жоғары баға беріп, жаңа кітаптың елі игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

Автордың өзі де зерттеу еңбегінің маңызын, жазылу барысы жайлы әңгімелеп, оқырмандармен өлі мәтінді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЛПЫС ЖЫЛДАН КЕЙІН...

Дана халқымыздың ғасырлардан-ғасырларға жалғасып, ұмытылмай келе жатқан ұлттық ойындарының бірі – бастас ойыны. Кез келген адамның қызығушылығын оятып, елітіп өклететін, көңіл сергітетін бұл ойын арнайы құралды қажет етпейді.



Балалардың алақанына сыятын бес жұмыр таспен болмаса кішілеу бес асықпен ойналатын бұл ұлттық ойын, ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, еңбек құралдары ағаш, тас, сүйек болған сонау көне замандарда пайда болған. Елтілік пен жылдамдықты талап ететін бастас ойыны жас талғамды, аса қызықты әрі тартымды болғандықтан, кішкентай балалардан бастап қарияларға дейін ойнай береді.

азаматты, танымал кәсіпкер Рымгүл Ербаева мен кезінде «Қазақтелекомда», аудандық ауруханада көп жыл жемісті еңбек еткен Бейнер Екатерина (Ката) Яковлевна екеуі көпшілікті аузына қаратты. Рымгүл мен Екатерина - елге сыйлы еңбек ардагерлері, өнегелі ұрпақ өсіріп, немере-шөбере сүйген бақытты жандар. Екеуі балалықтың төтті шақтарын бірге өткізген, бірге өскен құрбылар екен. Рымгүл өпке Екатерина екеуі бастас ойынын қалай үйреніп, қалай ойнағанын жырдай ғып айтып берді. Бұл ойынның қарым-қабілеттерін дамытып, жылдам шешім қабылдауға, батыл әрекет етуге баулығанын айтты.

- Ол кезде біз мектепте оқитынбыз. Одан бері ал-

Х.СӘТІЕВ, Ақсуат ауданы

АСЫҚ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында ұлттық ойындардың алар орны ерекше. Баланың физиологиялық тұрғыдан жетілуіне ғана емес, оның шапшаң, елті, алғыр болып қалыптасуына ықпал ететін ойындар - халқымыздың асыл мұрасы. Сол ұлттық құндылықтарымыздың бірі де бірегейі – асық ату ойыны.



Бүгінде асық ату ойыны қайта жаңғырып, жас ұрпақ арасында кеңінен насихатталып келеді. Осы ігі жолда аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың бірі – білікті жаттықтырушы Айбек Тлеуберген. Айбек Сәрсенғалиұлы 1994 жылы Аягөз қаласында дүниеге келген. Сондағы Шоқан Уәлиханов атындағы №6 орта мектепте білім алды. Бала күнінен спортқа жақын болып өскен Айбек Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжде «Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» мамандығын меңгеріп, Шымкент университетінде жоғары білім алды.

Еңбек жолын туған жеріндегі Қалалық қазақ мектеп-лицейінде бастаған жас маман ұлттық спортты насихаттауды алдына мақсат етіп қойып, осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізді. Айбек асық ату спортын ауданда алғашқылардың бірі болып кәсіби деңгейге көтеріп, оның дамуына тың серпін берді. Оның белсенді атсалысуымен түрлі жарыстар мен турнирлер тұрақты түрде ұйымдастырылып, балалар арасында қарапайым аула ойыны болып келген асық ату танымалдыққа ие болды.

Жаттықтырушының еңбегі нәтижесіз емес. Ол ойыншы ретінде өзі де бірқатар жетістіктерге жетіп, шәкірттеріне үлгі көрсетуде. Өткен жылы облыс әкімінің жұлдісіне арналған ауыл спорты ойындарында I орынды иеленіп, аудан намысын абыроймен қорғады. Ақ ұлттық спорт түрлерінен өткен облыстық жарыста асық атудан командалық сайыста I орынға қол жеткізсе, Ақсуат ауданында ұйымдастырылған облыстық асық турнирде жүлделі III орынды қанжығасына байлады. Ұлттық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін көптеген алғыс хаттар мен дипломдармен марапатталуы – оның еңбегіне берілген лайықты баға.

Алайда ұстаздың басты жетістігі, мақтанышы – шәкірттерінің жеңісі. Оның шәкірттері Бексұлтан Тлекқан, Шығыс Құрман, Мәди Серікқали асық атудан облыстық жарыста командалық II орынға ие болса, Дәулет Қазбек

Н.САБЫРХАНОВА, бастауыш сынып мұғалімі

Семей қаласындағы Шәкәрім университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алып жатқан шетелдік студенттердің қатары жыл сайын артып келеді. Солардың бірі – Түркия елінің Reser Таууір Erdoğan университетінен келген Айсенур Байдан. Қазіргі таңда ол «Экономика және менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатыр.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАУЫ

Айсенур – білімге құштар әрі белсенді жастардың бірі. Ол экономикалық бағыттағы пәндерге ерекше қызығушылық танытып, терең меңгеруге тырысуда. Айсенурдың ізденімпаздығы мен білімге деген ынтысы оқытушылар тарапынан да жоғары бағаланады.



Шет елден келген студент үшін жаңа ортаға бейімделу оңай емес екені белгілі. Дегенмен Айсенур бұл сынақты сәтті өңсеріп келеді. Жергілікті студенттермен жақын араласу үшін сабақтан тыс уақытта қазақ тілін үйреніп жүр. Тілді ғана емес, қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін де меңгереді.

Әр түрлі студенттік жобалар мен кездесулерге жиі қатысатын талапты жас өз елінің мәдениетін де таныстыруда, ол екі халық арасындағы достықты нығайтуға үлес қосуды өзіне парыз санайды.

Шетелдік студенттің табандылығы өзге жастарға шабыт береді. Айсенур Байданның жетістіктері академиялық ұтқырлық бағдарламасы ретінде жалғастыра бермек.

Ж.АБЫЛКАСИМОВА, PhD, қауымдастырылған профессор, «Экономика және менеджмент» БМ менеджері, Шәкәрім университеті

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНЕ ІРІКТЕУ АЯҚТАЛДЫ

Абай облысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде мерзімді қызмет өткеруге үміткерлерді іріктеу кезеңі аяқталды. Қатаң конкурстық іріктеу нәтижесінде 9 әскерге шақырылушы іріктеліп алынды.



40 күннен астам уақытқа созылған іріктеу кезеңінде үміткерлер кешенді тексеруден өтті. Әскерге шақырылушылар медициналық комиссиядан, психологиялық тестілеуден, сондай-ақ арнайы тексеруден өтті. Физикалық параметрлерге ерекше назар аударылды: негізгі талаптардың бірі - сарбаздың бойы 180 сантиметрден төмен болмауы тиіс.

Салтанатты шығарып салу рәсімінде болашақ сарбаздардың дайындық деңгейі мен қызметке деген жауапкершілігіне жоғары баға берілді. Олардың әрқайсысына Абай облысының эмблемасы бейнеленген арнайы футболкалар табысталды.

Мемлекеттік күзет қызметі – жеке құрамға жоғары талап қоятын беделді құрылымдардың бірі. Іріктеуден өткен сарбаздар мемлекеттің бірінші тұлғалары мен стратегиялық маңызды объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, өңірдің атынан өкілдік ететін болады.

Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі

ҚАУІПСІЗДІК ӨРТКЕ ҚАРСЫ ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙТІЛДІ



Өңірде өрт қаупі жоғары кезеңнің мерзімі белгіленіп, жедел әрекет етуге қажетті күштер мен құралдар дайындалды. Негізгі қауіп жаздың ыстық айларына сәйкес келеді.

– Ықтимал өрттерге жедел әрекет ету үшін 28 техника, 3 ұшқышсыз ұшу аппараты және 154 қызметкер дайындалды. Рәйдіт жұмыстарды жүргізу үшін 38 мобильді топ құрылды. Сонымен қатар әуеден бақылау ұйымдастырылып, әуежай аумағында Ми-8 тікұшағы орналастырылған. Ауылдық жерлерде өрт сөндіру бекеттері жұмыс істейді, – деді Бауыржан Арinov.

Абай облысында өрт қаупі жоғары маусым 6 сәуірде басталып, 15 қазанға дейін жалғасады. Синоптиктердің болжамына сәйкес, табиғи өрттердің туындау ықтималдығы ең жоғары кезең жаз айларына тиесілі. Бұл уақытта өрт қаупінің 4–5 сыныптары белгіленеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Абай облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Бауыржан Арinov мәлімдеді.

Сондай-ақ спикер командалық штабтың автокөлік сатып алынғанын атап өтті. Бұл техника кез келген жағдайда тұрақты байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Барлық бөлімше заманауи байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген. Радиоқабылдағыштар, ретрансляторлар, спутниктік байланыс құралдары бар. Қай жерде болмасын байланыс үздіксіз жұмыс істейді, – деді басқарма бастығы.

Өңірлік коммуникациялар қызметі



КӘСІПКЕРЛІК

ШАШ АЛУ ДА ӨНЕР

Самат Ахтанов 1977 жылы Жарма ауданына қарасты Қызылағаш ауылында дүниеге келген. Мамандығы – шаштараз. Бала кезінен-ақ шаштараз ісіне ерекше қызығушылық танытқан оның осы кәсіпке бейімділігі ерте байқалған.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Уақыт өте келе өз қызығушылығын өмірлік мамандығына айналдырады. Өз мамандығын шын сүйген жанның жетістікке жететіні анық. Бүгінде Қалбатау ауылында тұратын Самат Оралұлы көпшілікке өз ісінің нағыз шебері ретінде таныма. Ол - шаштараз саласында 20 жылдан астам уақыт бойы үздіксіз еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған білікті маман. Осы жылдар ішінде түрлі сән үлгілерін жетік меңгеріп, заман талабына сай сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Бұл мамандық шығармашылықты, тұрақты дамуды қажет етеді. Сонымен қатар адаммен тіл табысып, қарым-қатынасты орната білу керек. Кейіпкеріміздің ерекшелігі тек шаш қиюмен шектелмей, әр келушіге ерекше көңіл бөліп, олардың талғамынан шыға білуінде. Яғни клиенттердің көңілінен шығу үшін үнемі ізденіп, өзін жетілдіріп отырады. Жауапкершілігі мен ұқыптылығы оның шеберлігін айқындай түседі. Сондықтан да ол жергілікті тұрғындардың сеніміне ие болып, алғысына бөленіп келеді.

Қарапайым еңбек адамының табандылығы мен өз ісіне деген адалдығы құрметке лайық.



РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Үржар аудандық кітапханасында жас оқырмандарға арналған тағылымы мол, мазмұнды мәдени іс-шара өтті.

РУХАНИ БАЙЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ



Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, жаңа кітаптармен таныстыру мақсаты көзделген рухани кеш барысында «Балалар әдебиеті – ғажайып әлем» атты кітап көрмесі ұсынылды. Қазақ және әлем балалар әдебиетінің таңдаулы туындылары, халық ертегілері, қызықты хикаялар мен танымдық, қызығушылыққа ие зор кітаптар қойылған көрме жас оқырмандардың қызығушылығын тудырды. Балалар көрмені ерекше ықыласпен тамашалап, өздеріне ұнаған кітаптарды оқуға алды.

Кітапхана қызметкері жас оқырмандарға кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызы туралы кеңінен әңгімелеп, көркем әдебиеттің ой-өрісімізді кеңейтіп, тіл байлығымызды арттыратынын, дүниетанымымызды қалыптастыратынын түсіндірді.

Іс-шара барысында балаларға қызықты мультфильм көрсетіліп, түрлі танымдық және сергіту ойындары ұйымдастырылды. Жас оқырмандар ойындарға қызыға қатысып, өздерінің тапқырлығы мен ептілігін көрсетуге тырысты.

Іс-шара аясында сұрақ-жауап өткізіліп, белсенділік танытқан балаларға шағын сыйлықтар табысталды. Кеш балалардың бір-бірімен еркін араласып, достық қарым-қатынас орнатуына да оң ықпал етті.

Балалар әдебиеті – әр баланың жүрегіне жол табатын, мейірімділікке, адамгершілікке және білімге жетелейтін шексіз ғажайып әлем. Мұндай мазмұнды шаралар жас ұрпақты кітап оқуға баулып қана қоймай, олардың рухани әлемін байытып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді.

А.ҚАДЫМБАЕВА,

Үржар аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

КӨПШІЛІК ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Абай облысы тұрғындарының назарына!

Абай облысы мәслихатының экономика, қаржы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы көпшілік тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Іс-шара Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 13-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17–18-баптарына және 105-бабы 3-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес өткізіледі.

Күн тәртібі: Абай облысының коммуналдық меншігіндегі объектілерді жөкешелендіру мәселесін талқылау.

Тыңдаудың мақсаты: жөкешелендіру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, жергілікті қоғамдастықтың пікірін ескеру және мемлекеттік мүлік объектілерін бәсекелес ортаға берудің экономикалық орындылығын талқылау.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 18 мамыр, сағат 16:00. Өтетін орны: Абай облысы, Семей қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 150/1 (М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж ғима-

раты).

Материалдармен танысу: Жөкешелендіруге ұсынылатын объектілердің тізбесімен және оларды иеліктен шығарудың негіздемесімен Абай облысы мәслихатының ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ электрондық пошта арқылы танысуға болады: abai.oblmaslihat@yandex.kz.

Ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау: Мүдделі тұлғалар (облыс тұрғындары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, сарапшылар) өз ұсыныстары мен ескертулерін жазбаша немесе электрондық түрде 2026 жылғы 13 мамырға дейін келесі мекенжай бойынша жолдай алады:

Пошталық мекенжайы: 071400, Абай облысы, Семей қаласы, Қ. Мұхамедханов көшесі, 8 үй, «Абай облысы мәслихатының аппараты» ММ, 206-кабинет.

E-mail: abai.oblmaslihat@yandex.kz.

Қатысу және тіркелу:

Қоғамдық тыңдауларға жергілікті қоғамдастық мүшелері мен бұқаралық қпарат құралдарының өкілдері шақырылады. Қатысушыларды тіркеу іс-шара басталғанға дейін 30 минут бұрын жеке басын куәландыратын құжат болған жағдайда жүргізіледі.

Байланыс деректері: Анықтамасыз телефон: +7 777 748 8430 (Aitu, WhatsApp) – Ерхат Сарманұлы.

Абай облысы мәслихатының экономика, қаржы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы

ІШКІ АУДИТ

ӘКІМШІЛІК ПРАКТИКА ОҢ НӘТИЖЕ КӨРСЕТУДЕ

Жалпы құқық қолдану практиканы қалыптастыру мақсатында Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті әкімшілік практиканың апта сайынғы мониторингін тұрақты негізде жүргізіп келеді. Басым бағыттардың бірі – қаржылық бұзушылықтар бойынша мен бюджет кірісіне салынған әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу.

2026 жылдың I тоқсанында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (ҚР ӘҚБтК) нормаларын қолдануда оң серпін байқалады. Осы кезеңде жалпы сомасы 8 585 125 теңгеге 65 іс қозғалып, айыппұлдарды өндіріп алу деңгейі 100 пайызды құрады.

Департамент әкімшілік практикаға тексерулер мен мониторингті дербес жүргізуді, сондай-ақ бюджет кірісіне әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу жөніндегі шараларды күшейтуді жалғастырады. Жұмыстың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатында ҚР ӘҚБтК-ның нормаларын және оған енгізілген түзетулерді неғұрлым тереңірек зерделеуге бағытталған техникалық оқулар тұрақты негізде өткізілуде.

Бұл шаралар мемлекеттік бақылау органдарының жауапкершілігі мен кәсіпкерліктің жоғары деңгейін көрсете отырып, республикада құқықтық тәртіпті нығайтуға және қаржылық тәртіпті күшейтуге ықпал етеді.

Е.ЖЕДЕЛҒАЗИН,

Абай облысы бойынша

ішкі мемлекеттік аудит департаментінің

қызметті қамтамасыз ету бөлімінің

басшысы

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

АРЫСТАНДАРҒА ТАС ЛАҚТЫРҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛМАҚ

Семейде Биологиялық орталықта арыстандарға тас лақтырғандар ісі сотқа жолданды.

Семей қаласындағы Балалар биологиялық орталығында болған келеңсіз оқиғаға қатысты күдіктілер анықталды.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, арыстандардың торына тас лақтырып, олардың назарын аудармақ болған 36 және 29 жастағы екі ер адам ұсталып, полиция бөліміне жеткізілген.

Тәртіп сақшылары жүргізген жедел-ізвестіру шараларының нәтижесінде олардың әрекетіне құқықтық баға беріліп, материалдар сот қарауына жолданды.

Белгілі болғандай, құқық бұзушылар «назар аудартуды» көздегенімен, бұл әрекеттері қоғамның наразылығын туғызды.

Полиция өкілдері мұндай заңға қайшы әрекеттердің жолы кесілетінін атап өтті. Қазақстан заңнамасына сәйкес, жануарларға қатыездік көрсету үшін әкімшілік те, қылмыстық та жауапкершілік қарастырылған. Егер әрекет ауыр салдарға әкелмесе, айыппұл немесе ескерту беріледі. Ал жануардың өліміне не ауыр жарақат алуына себеп болған, ерекше қатыездікпен жасалған немесе көпшілік алдында орын алған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Оқиға бойынша соңғы шешімді сот шығарады.

Өз тілшіміз

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

21.04.2026 ж. бастап 05.05.2026 ж. дейін ҚО мен ТРЖ ҰДБ сайтында <https://ndbecology.gov.kz/> «Абай облысының Аягөз ауданында орналасқан «Қызыл-Тас» қаптамалы габбро кен орнын жою жоспары» бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Granite-industries» ЖШС. БСН: 180140024500. Мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев к., Железнодорожная к-сі, 44. Тел. 87751751080, e-mail: Graniteindustries@mail.ru.

Әзірлеуші: «Курманғалиев Руфат Амантаевич» ЖК, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қ., Қаратал ш.а., 6А ү., жертеле қабаты. Тел. 87012775623, email: rufat.taldyk@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекенжай: тел. +77075919301, e-mail: rufat.taldyk@mail.ru.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ScanMet Industry Ltd» ЖК келесі жобалар бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

1. «2026 жылғы 05.02. №4057-ЕЛ лицензиясы бойынша Абай облысындағы М-44-113-(10d-5a-12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22) блоктар алаңындағы қатты пайдалы қазбаларды барлау» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және басталу уақыты: Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбiкiк ауылдық округі, Үшбiкiк ауылы, әкiмдiк ғимаратында, 2026 жылғы 21 мамыр сағат 10:00-де.

2. «2026 жылғы 05.02. №4057-ЕЛ лицензиясы бойынша Абай облысындағы М-44-113-(10d-5a-12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22) квартал блоктарында біртекті пайдалы қазбаларды БАРЛАУ ЖОСПАРЫНА әсер етуге экологиялық рұқсат алу» бойынша материалдар.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және басталу уақыты: Абай облысы, Жарма ауданы, Үшбiкiк ауылдық округі, Үшбiкiк ауылы, әкiмдiк ғимаратында, 2026 жылғы 21 мамыр сағат 12:00-де.

Объектінің орналасқан жерінің координаттары: 48°47'00" С 80°10'00" Ш; 48°47'00" С 80°11'00" Ш; 48°48'00" С 80°11'00" Ш; 48°48'00" С 80°14'00" Ш; 48°47'00" С 80°14'00" Ш; 48°47'00" С 80°15'00" Ш; 48°46'00" С 80°15'00" Ш; 48°46'00" С 80°12'00" Ш; 48°45'00" С 80°12'00" Ш; 48°45'00" С 80°11'00" Ш; 48°46'00" С 80°11'00" Ш; 48°46'00" С 80°10'00" Ш.

Әсер ету аумағының орналасқан жерінің координаттары: 48°28'2.69"С, 80°34'29.54"Ш.

3. «2026 жылғы 05.02. №4056-ЕЛ лицензиясы бойынша Абай облысындағы М-44-103-(10d-5v-1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8), М-44-103-(10d-5a-23) блоктар алаңындағы қатты пайдалы қазбаларды барлау» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және басталу уақыты: Абай облысы, Жарма ауданы, Жарық ауылдық округі, Малай ауылы, мектеп ғимаратында, 2026 жылғы 21 мамыр сағат 15:00-де.

4. «2026 жылғы 05.02. №4056-ЕЛ лицензиясы бойынша Абай облысындағы М-44-103-(10d-5v-1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8), М-44-103-(10d-5a-23) блоктар алаңындағы қатты пайдалы қазбаларды барлау» жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алу бойынша материалдар.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні және басталу уақыты: Абай облысы, Жарма ауданы, Жарық ауылдық округі, Малай ауылы, мектеп ғимаратында, 2026 жылғы 21 мамыр сағат 17:00-де.

Объектінің орналасқан жерінің координаттары: 49°05'00" С 81°10'00" Ш; 49°05'00" С 81°12'00" Ш; 49°06'00" С 81°12'00" Ш; 49°06'00" С 81°13'00" Ш; 49°05'00" С 81°13'00" Ш; 49°05'00" С 81°15'00" Ш; 49°04'00" С 81°15'00" Ш; 49°04'00" С 81°13'00" Ш; 49°03'00" С 81°13'00" Ш; 49°03'00" С 81°10'00" Ш.

Әсер ету аумағының орналасқан жерінің координаттары: 49°1'9.16"С, 81°21'38.65"Ш. Қатысушыларды тіркеу жеке басын

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Филиал «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы «акционерлік қоғамы» вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясы «Ақтоғай кенті, А.Н.Молдағұлова көшесі, 33, Аягөз ауданы, Абай облысы мекенжайы бойынша орналасқан Ақтоғай станциясының теміржол вокзалын реконструкциялау» жұмыс жобасына ҚОҚ бөлімін жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен сайтта танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/> және «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайтына <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>.

Жария талқылаулар 27.04.2026 ж. бастап 04.05.2026 ж. дейін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері сайтта қабылданады Ұлттық деректер банкі қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы - «Қазақстан темір жолы «ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «вокзал шаруашылығын жаңғырту дирекциясы» филиалы, БСН 250441010403, ҚР, Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев к-сі, 6, тел.: 8 (7172) 60 30 30.

Әзірлеуші - «ТехСтройПроект» ЖШС, БСН: 080940015331, ҚР, Абай облысы, Семей қ.ә., Семей қ., Абай Құнанбаев көшесі, 115/1, КВ 1 кеңсе, тел 8(777)2305117, эл. мекенжайы: ewg_2@mail.ru.

Жария тыңдау өткізу кезінде көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ БҚ-ның көзделіп отырған қызметіне қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады (ktzh_gp@railways.kz және 8 (7172) 60 30 30).

Жергілікті атқарушы орган - «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7222) 35-44-32, электрондық мекенжайы: uprnp.abay@akimatabai.gov.kz.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

20.05.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Аягөз ауданы, Мамырсу а.о., Мамырсу а, Бекжанов к-сі, 2А мекен-жайындағы Мәдениет Үйі ғимаратында «Абай облысы Аягөз ауданында орналасқан «Мамырсу-2» учаскесінде асфальтбетон өндіруге арналған құрылыс тасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTr2oURVw5K5QzTmmVrQhI0TG.1>

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Сайрам Транс» ЖШС. БСН: 071240018708. Мекен-жайы: Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Уәлихановк-сі, 116, тел. +77715633750, e-mail: sayramtrans@mail.ru.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр-сі, 165. Тел. +77002664282, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекен-жайы prirrodnuyeresurs_obl.abay@mail.ru бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.



ЕСМУҚАН НЕСІПБАЙҰЛЫ ОБАЕВ



Қазақ театр өнерінің көрнекті қайраткері, дарынды режиссер, талантты актер, ұлағаты ұстаз Есмұқан Несіпбайұлы Обаевтың дүниеден өтуіне байланысты өз атымыздан және Абай облысы жұртшылығы атынан марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.

Есмұқан Несіпбайұлының саналы ғұмыры ұлттық өнерге адал қызмет етумен өтті. Оның шығармашылық жолындағы ең бір жарқын кезең Семей өңіріндегі Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында өткен жиырма жылдық еңбегімен тығыз байланысты. 1971–1991 жылдары бас режиссер әрі көркемдік жетекші ретінде театрдың дамуына өпшеуіс үлес қосып, оның шығармашылық деңгейін жаңа биікке көтерді. Есмұқан Обаев жетекшілік еткен жылдары театр сахнасында әлемдік және қазақ драматургиясының үздік туындылары қойылып, ұжымның абырой-беделі артты. Жас актерлердің өсіп-өркендеуіне жол ашып, ұлттық театр өнеріне жаңа леп әкелді. Семей сахнасында қалыптасқан осы шығармашылық орта мен табысты кезең Есмұқан Обаевтың өсімімен тікелей байланысты.

Есмұқан Несіпбайұлының халқымыздың рухани мәдениетіне сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның халық әртісі атанды, мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Есмұқан Несіпбайұлының жарқын бейнесі мен өнегелі жолы ел жадында мәңгі сақталады. Қайғыны бөлісе отырып, Сіздерге сабыр мен төзім тіпелейміз. Марқұмның жаны жаннатта, топырағы торқа болсын.

Абай облысының өкімі Берік Уәли Абай облысы мәслихатының төрағасы Шалқар БАЙБЕКОВ Отантай Кәріжанов және Қазақстан театр қайраткерлері одағының мүшелері



Жапония – Шығыс Азия жағалауларына жақын маңдағы Тынық мұхит аралдарында орналасқан мемлекет. Бұл ел төрт мыңға жуық аралдардан тұрады. Олардың ең үлкендері: Хоккайдо, Хонсю, Сикюку, Кюсю аралдары.

Жапония — бір ұлтты мемлекет. Халқының 99,4 пайызы — жапондар. Бұдан басқа, қытайлар, корейлер, америкалықтар тұрады.

Жапония - конституциялық монархия

1947 жылы 3 мамырда күшіне енген Конституцияға сәйкес, Жапония императоры «мемлекет пен халық бірлігінің символы» болып табылады. Ол барлық мемлекеттік тағайындаулар мен шешімдерді олар үшін жауап беретін министрлер кабинетінің ұсынысы бойынша қабылдайды. Дипломатиялық кездесулерде ол мемлекет басшысының рөлін атқарады. 2019 жылдан бастап Нарухито Жапонияның императоры болды, ал оның орнына ханзада Фумихито келеді.

Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық ынтымақтастық Қазақстан Жапония рыногына не-

гізінен феррокорытпа, болат, титан, жерасты сирек металдарын экспорттаса, бұл ел бізге автокөліктер мен олардың бөлшектерін, сондай-ақ электр жабдықтары мен тұрмыстық техникаларды импорттап келеді.

Екінші дүниежүзі соғысы кезінде Жапонияның өндіріс орындарының 40 пайызы қирап, ауыл шаруашылығы туралап қалады. Осы кезеңде жетіске жеткен америкалықтардың озық техникасы мен едәуір сапалы тауарларын көрген жапондықтар АҚШ-ты қалайда басып-озу мақсатын алға қояды. Ендігі жерде сапалы біліммен ғылым-техниканы дамыту концепциясы негізінде жаңа экономикалық даму үлгісіне көшіп, оны жүзеге асырады.

Қысқасы, қазір Жапония туралы сөз еткенде біздің көз алдымызға дамыған, өркеніетті ел келеді. Бұл мемлекет кемелденген, сапалы оқу-ағарту жүйесін қалыптастырумен бірге, кемелді заңды да жасап шыққан. Мәселен, біздің қоғамда «әдепсіздік» саналатын жағымсыз әдеттер оларда қылмыстық іс саналып, қоғамдық орында «әдепсіздік» істегендер қылмыстық жауапкершілікке тартылып, заңмен жауапқа тартылады.

«Riza bol» ұсынатын кәдесый



Абай өлеңдерімен аталып, «Riza bol» сауда белгісімен шыққан жібек орамалдар – ұлттық болмысты заманауи нәзіктікпен тоғыстырған ерекше кәдесый.

«Желсіз түнде жарық ай» – сабыр мен сенімнің, «Көзімнің қарасы» – махаббат пен мейірімнің белгісіндей.

Әр орамал — әйелдің ішкі әлеміне арналған үнсіз сыр. Қорабы мен сөмкесі де кәдесыйдың мазмұнын аша түседі.

8 778 929 14 53 8 777 276 90 74




ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН ЖӘНЕ ӘДЕМІ ҮҢГІР

Әлемдегі ең үлкен үңгір - Вьетнамның, Фонгня-Кебанг ұлттық сабағында орналасқан Шондонг (Son Doong) үңгірі. Табиғаттың бұл ғажайып кереметі өзінің көлемімен таң қалдырады: ұзындығы – 9 шақырым, ені - 150 метр, биіктігі – 200 метр.

асты өзені, өз джунгли, климаты бар. Үңгір өте терең болғандықтан әр түрлі температурадағы ауа массаларының араласуынан үңгірде бұлттарды да байқауға болады. Шондонг үңгірі Малайзиядағы ең үлкен үңгір болып есептелген Бұғылар үңгірінен 5 есе үлкен.

Жыл сайын мыңдаған туристер осы құпияға толы үңгірге келіп, моншақ тәрізді тастарына қызығатын көрінеді.



991 жылы бір шаруа Вьетнамның Фонгня-Кебанг қорығынан үлкен үңгірге кез болады. Алайда үңгір ішінен естілген судың гүрлі шаруаны қатты шошылтқан соң, оның үңгірге кіруге жүрегі дауаламаған. Кейін жергілікті тұрғындар бұл үңгірге Шондонг деп атаған екен. Бірақ белгісіз бұл үңгірді ешкім зерттей қоймаған.

Үңгірді зерттеу жұмыстары 2009 жылы ғана жүргізілді. Говард Лимберт бастаған ағылшын спелеологтерінің зерттеу нәтижесі Шондонг үңгірі 2,5 миллион жыл бұрын қалыптасқанын көрсетуде. Үңгір жер

Сөзжұмбақ

Word search grid with clues in Kazakh. Clues include: Ньютон, Айбаттану, Пивла, Құнар, Шұбар (сін), Катері (сін), Прави-ла (қаз), ... есе, Марк, Уй жа-нуары, Гео-метриялық де-не, Англия менты, Қырғыз ақшасы, Фран-ция қаласы, Жемқұт (қаз), Көзлеу (сін.), Жүзі ширату, Отын-ның түрі, Төстік, Қ. Мыр-заевтің кітабы, Әдеби ермин, Селе-метсіз ...? Ба, ... Қып-қызыл, Әскери блок, Қырғыз ауылы, ...- түрс, Ағалы-..., Автомат белгісі, Зангер (орыс.), Жубану (сін.), Апан (сін), Аттау (сін.), Бал беруші, Умбет-бай ..., Уста құралы, Білім алу, Хим. элемент, Аңтық, Бұйрық (сін), Сөуір (орыс.), Грек құдайы, Лезгин-ка ұра-ны, Монгол ханы, Урғашы жылқы, Елтаңба (орыс-ша), Кіші бауыр, Па, ..., Бұдан кеш жақсы, Аялда-ма, Қан-ұйық (орыс), Сыпайы, Телеар-на, Шағын, ...-ше-ше, Айыр ағаш, Улы бақа, Алма сорты, Растау-шы (сін), Шилде ... (актри-са), 4-ші нота, Өзбек ағасы, Ақыл-..., Майн ..., Асық қалпы, Того астана-сы, Арт (сін), Қонаев тұған жері.

СОҢҒЫ 100 ЖЫЛДА СӘН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ

Сән адамның болмысын, қоғамдағы орнын және дәуір талабын көрсететін айна іспеттес. Бір ғасыр ішінде сән талай рет түрленіп, жаңа форма мен мәнге ие болды. Әр онжылдық өзіндік стилімен ерекшеленіп, уақыт рухын киім арқылы бейнеледі. Сән тарихын зерттеу арқылы қоғамның қандай өзгерістерден өткенін, адамдардың қандай идеяларға ұмтылғанын түсінуге болады. Бұл мақалада сәннің 1920-жылдардан бүгінге дейінгі негізгі кезеңдеріне шолу жасалады.

Сән бірде дәстүр мен ережеге бағынса, енді бірде оларға қарсылық білдіру құралына айналады.

Әр онжылдықтағы сәннің ерекшеліктері

Уақыт өте киімге деген көзқарас, силуэт пен маталар өзгерді. Теменде әр кезеңнің басты сипаттары көрсетілген.

XX ғасыр 20-жылдар Әйелдер алғаш рет қорсеткен бас тартып, бел сызығы төмен, жеңіл әрі еркін пішінді көйлектерді кие бастады. Қысқа шаш үлгілері, шашағы бар көйлектер мен қарапайым силуэт сөнге енді. Бұл кезең еркіндік пен соғыстан кейінгі оптимизмді білдірді.

30-жылдар Әйелдік мүсін қайта басты назарға шықты. Ұзын көйлектер, иықты айқын-дайтын жеңдер мен нәзік маталар кең тарады. Экономикалық дағдарыс сәнді ұстамды әрі классикалық бағытқа бұрды.

40-жылдар Соғыс сәнге қарапайымдық пен практикалық сипат әкелді. Қатты иықты пиджактар, тізеден төмен юбкалар және әскери реңктер басым болды. Күнделікті киімге әскери элементтер ене бастады.

50-жылдар Соғыстан кейінгі гүлдену кезеңі әйелдік сәнді қайта жаңғыртты. Қатты белдік, кең етек, қолғап пен туфли – осы кезеңнің басты белгілері. Идеал «үй биесі» бейнесі болды.

60-жылдар Жастар сәнді қалыптастыруда басты рөл атқарды. Қысқа белдемшелер, ашық түстер мен графикалық элементтер танымал болды. Мэри Куант пен Пьер Карден жаңа силуэттерді ұсынды.

70-жылдар Сәнде еркіндік пен әртүрлілік кезеңі басталды. Хиппи, диско және бохо

стильдері қатар өмір сүрді. Барқыт, мата шашағы және этникалық өрнектер сөнге енді.

80-жылдар Үлкен иықтар, неон түстер, спорттық және іскерлік стиль үйлесімі сәнде көрінді. Әйелдер кәсіби салада белсенді көріне бастады. «Power dressing» ұғымы осы кезде қалыптасты.

90-жылдар Минимализм мен көше стилі сәнде басты рөл атқарды. Джинсы, худиди, қысқа топтар және кроссовкалар кең таралды. Поп-мәдениет сырт келбетке елеулі ықпал етті.

2000-жылдар Y2K эстетикасы жарқыраған маталар, төмен бел және спорттық образдармен ерекшеленді. Сәнге поп-әншілер мен реалисти-шоулар әсер етті. Түрлі түсті көздіктер мен жылтыр маталар сәнде белсенді болды.

XI ғасыр 2010-жылдар Жеке стиль мен стильдердің араласуы басты тенденцияға айналды. Винтаж, спорттық үлгілер мен классикалық элементтер біріктірілді. Instagram сәнді қалыптастырушы жаңа платформаға айналды.

2020-жылдар Ыйғайлылық, экология және цифр-

лық кеңістік сәнге әсер етуде. Oversize киім, нейтрал реңктер мен тұрақты өндіріс трендке айналды. Пандемия сәнді қайта ой еліктен өткізді.

Әр онжылдық өз ерекшеліктерін киім арқылы көрсетіп отырды. Сәнге әсер еткен мәдени және технологиялық факторлар

Сәнге тек дизайнерлер ғана емес, сонымен бірге қоғам, технологиялар мен медиа да ықпал етті.

Музыка, кино және танымал тұлғалар киім стилін қалыптастырды. Жаңа маталар мен өндіріс әдістері силуэт пен қолайлылықты өзгертті.

Интернет сәннің бүкіл әлемге таралу жылдамдығын арттырды.

Әлеуметтік желілер трендтерге жедел ықпал ететін күшке айналды. Гендерлік бейтараптық ерлер мен әйелдер киімінің айырмашылығын азайтты.

Саналы тұтыну, киімді қайта қолдану және екінің ретті сән алдыңғы орына шықты.

Қазіргі сән тек сыртқы келбет емес, ой мен ұстанымның көрінісіне айналды. Соңғы 100 жылдағы сәннің тарихы – қоғамның, мәдениеттің және адамның өз болмысына деген көзқарасының эволюциясы. Бұрын киім ережеге бағынса, қазір ол жеке таңдаудың, еркіндіктің символына айналды. Әр



Footer information including contact details for 'SEMEL TANY' newspaper, address in Astana, phone numbers, and website information.